



Сыр бойы

www.facebook.com/syrboy.kz
www.instagram.com/syrboy_kz
t.me/syrboy_kz
twitter.com/syrboy

№70-71 (21145-21146) 16 мамыр, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ ТҮРКІСТАНДА БАС ҚОСТЫ



ӨРКЕНИЕТ ОРДАСЫ

Кеше Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өтті. Саммит аясында алдымен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен бірге екі ел арасындағы бауырластық байланыс және рухани ынтымақтастық нышаны ретінде Түркістанда бой көтерген мешітпен танысты.

Құлшылық үйінің орталық залында Құран оқылды.

Мешіт Өзбекстан Президентінің Түркістан тұрғындары мен барша қазақстандықтарға тартуы ретінде салынған. Ғимаратта дәстүрлі ислам элементтері заманауи құрылыс технологияларымен үйлесім тапқан. Қасбеті мен ішкі аумағы ұлттық ою-өрнекпен және мұсылман каллиграфиясымен безендірілген. Мұнаралардың биіктігі – 61 метр. Ғибадат орны жаңа инженерлік желілермен жабдықталған. Сондай-ақ абаттандырылған аумақта жарықтандыру жүйелері, демалыс аймақтары, субұрқақтар бар.

Мұнан кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Әзербайжан

Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев түркі дүниесінің әйгілі рухани және тарихи-мәдени киелі орындарының бірі, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барды.

Мемлекеттер басшылары ұлы ғұлама, әулие Қожа Ахмет Ясауи мен кесене аумағында жерленген басқа да белгілі тарихи тұлғалардың рухына зиярат етті.

Президенттерге кесененің XIV

ғасыр соңында Әмір Темірдің бұйрығымен салынғаны, көлемі жағынан әртүрлі 35 бөлмеден тұратыны жөнінде ақпарат берілді. Ғимараттың ішкі биіктігі 39 метрді, ал сыртқы биіктік өлшемі 41 метрді құрайды.

Мәртебелі меймандар кабірхананы, орталық бөлмеде орналасқан қазандықты, тайқазанды және қола лауханы аралап көрді. Сондай-ақ экспозицияда түркі-ислам әлемінің белгілі ойшылдары мен шайырларының еңбектерінен тұратын 45 кітап қойылған. Олардың арасында Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет», Низамидің «Хамса», Науандің ғазалдары, Бақырғанидің шығармалары, Фирдоусидің «Шахнама», Физулидің «Ләйлі мен Мәжнүн» дастаны, сонымен бірге «Манас» жырларының үзінділері және басқа да сирек кездесетін туындылар бар.

2-бет



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ БЕЙРЕСМИ САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті Мемлекет басшылары! Қадірлі саммитке қатысушылар!

Баршаңызды Түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістанда қарсы алып, Өздеріңізбен жүздесіп отырғанымға қуаныштымын.

Менің шақыруымды қабыл алып, алқалы жиынға келгендеріңіз үшін Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Түркістан – атажұртымыздың мызғымас төмекқазығы. Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған шежірелі шаһар. Көне қала қашанда түбі бір түркі жұртының қасиетті қара шаңырағы саналған.

Түркістан төріндегі Әзірет Сұлтан кесенесі – рухани тұтастық пен тарихи сабақтастық символы. Қожа Ахмет Ясауи бауырлас елдердің дүниетанымын кеңейтуге зор үлес қосты. Адамзатқа ортақ құндылықтарды барынша дәріптеді. Халықты жақсылыққа, жасампаздыққа, адалдыққа шақырды. Ғұлама ойшыл ислам дінін түркі жұртының таным-түсінігімен ұштастыра білді. Аса құнды еңбектер жазып, мол мұра қалдырды. Ясауидің тағылымды ойлары мен хикметтері – түркі халықтарының баға жетпес байлығы. Ұлы бабамыз дәріптеген құндылықтар әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз Ясауидің гуманистік идеяларына баса мән беріп отырмыз.

Қазір елімізде «Адал азамат», «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» және басқа да бірегей бастамалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Басты мақсатымыз – ұлт сапасын барынша жетілдіріп, мемлекеттігімізді нығайта түсу. Түптеп келгенде, осы ауқымды жұмыстың негізі Ясауи ілімінен бастау алады.

Бүгінгі жиында Өздеріңізге тағы да атап өткім келеді: мен биыл Ұлыстың ұлы күнінде осы киелі Түркістан жерінде «Qoja Ahmet Yasau» орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Осыған орай тиісті Заң қабылданды, арнайы Жарлыққа қол қойдым.

2-бет

/// ФОРУМ

МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕ



Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Қазақстан-Түркия бизнес форумына қатысты.

Мемлекет басшысы бұл форумның екі ел үшін тиімді әрі мазмұнды болғанын атап өтіп, алқалы жиынды ұйымдастыруға атсалысқан Түркия тарапына алғыс айтты. Президент Қазақстанда түрік компанияларына жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқанына тоқталды.

«Қазір елімізде түрік капиталы бар 3800-ге жуық кәсіпорын табысты қызмет етіп жатыр. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында мыңдаған жұмыс орны ашылды. Инвестициялық көрсеткішті арттыру үшін өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты тереңдету маңызды. Бүгінгі іс-шара бірлескен кәсіпорындар санын одан әрі көбейтуге мүмкіндік береді деп сенемін. Бұл ретте Қазақстан-Түркия үкіметаралық комиссиясы айрықша рөл атқаруға тиіс деп санаймын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Форум аясында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Түркияның «Fabe Agro» ком-

паниясының басшысы Фатих Буданмен кездесті. Онда «Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған жылыжай кешенін салу» инвестициялық жобасын іске асыру бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

– Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын стратегиялық міндеттердің бірі – азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту. Қызылорда облысы – Қазақстандағы күріш өндіретін өңірлердің бірі. Еліміздегі күріш пен тұздың 90 пайыздан астамы біздің аймақта

өндіріледі және өнімдер алыс-жақын шетелдерге экспортталады.

Өңірдің климаты картоп, көкөніс, бакша дақылдары және жеміс-жидектің барлық түрін өсіруге қолайлы. Маусымаралық кезеңде облыс тұрғындарын жергілікті әрі сапалы көкөніспен қамтамасыз ету үшін жылыжай шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

2025 жылдың қыркүйек айында «Fabe Agro» компаниясының өкілдері Қызылордаға келді. Сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлымен кездесіп, жобаны бастауға қатысты келіссөздер жүргізілді. Бұл жоба қазан айында Мемлекет басшысы Қызылордаға жұмыс сапарымен келгенде таныстырылған болатын. Бүгінгі меморандум осы жобаны әрі қарай жүзеге асыруды көздейді.

Қазір жұмыс істеп тұрған жылыжайлардан алынатын өнім қызылордалықтар сұранысының небәрі 1,5 пайызын ғана қамтамасыз етеді. Сондықтан өңірде жылыжай шаруашылығын дамытудың маңызы зор. Осы ретте, құрметті Фатих Будан мырза, «Fabe Agro» компаниясының тәжірибесін ескере отырып, Қызылорда облысында жылыжай кешендерін салу бағытында бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз. Біз әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімін беруге, даму институттарынан қаржылай қолдау алу кезінде құжаттарын рәсімдеуге жан-жақты көмек көрсетуге әзірміз, – деді Мұрат Нәлжожаұлы.

Сол жағалаудағы көлемі 250 гектар ірі агроөнеркәсіптік жобаның жалпы құны 134,5 млрд теңге, оның аясында 250 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Кешеннің өндірістік қуаттылығы жылына 45 мың тонна қызанақ өндіруге мүмкіндік береді.

Айта кетейік, бүгінде өңірде аумағы 12,1 гектар болатын 21 жылыжай, олардың қатарында «КазАгроМир» ЖШС-ның испандық заманауи технологиямен жабдықталған, толық автоматтандырылған 2 гектарлық жылыжай кешені бар.

«СБ» ақпарат

3-бет



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯ

МАҚСАТ – ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Таза Қазақстан» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы талқыланды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Аймақтағы «Таза Қазақстан» бағдарламасының бағыты санитарлық тазалыққа, абаттандыру және тұрғындарға қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға негізделген.

3-бет

/// 15 МАМАЙ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні. Бұл – адамзат үшін ең қымбат құндылықтардың бірі отбасының қоғамдағы рөлін дәріптеуге арналған мереке. Отбасы – тәрбие мен мейірімнің, сыйластық пен жауапкершіліктің негізін қалайтын қасиетті ұя. Ұлттың болашағы да, мемлекеттің беріктігі де ең алдымен шаңырақтағы тәрбиеге байланысты. Қазақ халқы «Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтпаған. Себебі, бала алғаш рет адамгершілікті, ізеттілікті, үлкенге құрмет пен кішіге қамқорлықты отбасында үйренеді. Сондықтан отбасының берекесі – елдің берекесі.

3-бет

БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ ТҮРКІСТАНДА БАС ҚОСТЫ

Бұл күллі түркі дүниесі үшін маңынасы айрықша марапат деп айтуға болады. Сол себепті кеше алғашқы мәртебелі награданы аса құрметті Президент Режеп Тайип Ердоғанға салтанатты түрде табыстадым. Осылайша, біз түркі руханиятының темірқазығы – Ясауи тұлғасын дәріптей отырып, халықтарымыздың арасындағы мызғымас бауырластық тамырын нығайта береміз деп сенемін.

Бүгінде Түркістан – көне мен келешекті тоғыстырған шырайлы шаһар. Аймақтың экономикалық әлеуеті жыл өткен сайын артып келеді. Былтыр облыстың экономикасы 9,3 пайызға өсті, оның көлемі 10 миллиард доллардан асты. Аймаққа 3,5 миллиард доллар инвестиция тартылды.

Алқалы жиынды осында өткізудің мақсаты – атажұртта бауырлас елдердің көшбасшыларымен жүздесу, қайта түлеген Түркістанды төрткүл дүниеге таныту. Біз киелі орданың тарихы қандай терең болса, болашағы да сондай жарқын боларына нық сеніммен қараймыз. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүгін Түркістанда Өзбекстанның қолдауымен жаңа әулім мешіт ашылғанын үлкен ризашылықпен атап өткім келеді. Ерекше тарту жасағаны үшін Өзбекстан Президенті, аса қадірлі Шавкат Миромоңлы Мирзиёевке және өзбек халқына алғысымды білдіремін.

Елдеріміздің руханиятындағы осы мешіттің орны ерекше болмақ. Бұл – қазақ-өзбек халықтары ынтымағының тарихи символы. Менің пікірімше, бұл мешітке «Миромон ата» аты беріледі, өте орынды болар еді. Қос халқымыз бұл шешімді қолдайтынына еш күмән жоқ. Себебі осы қасиетті нысан біздің арамдыдағы мәңгі достыққа қызмет етеріне сенімдіміз.

Құрметті достар!
Біз халықаралық геосаяси ахуал аса күрделі және құбылмалы дәуірді бастан өткерудеміз. Әлемдік және аймақтық деңгейдегі бәсеке күшейіп барады. Қарулы қақтығыстар, соғыстар толастар емес. Мұның бәрі әлем экономикасына кері әсер етіп жатқанын біріміз көріп отырмыз. Таяу Шығыстағы жағдайдың салдарын көршілес аймақ елдері де сезіне бастады. Осындай алмағайып кезеңде түркі мемлекеттерінің ауызбіршілікте болуы – өте маңызды. Себебі халықтарымызға орта сан гасырлық шежіреміз бар.

Қазіргі таңда түркі елдері заман талабын ескеріп, экономика және инвестиция саласындағы ықпалдастықты нығайтуға керек, ортақ мүдде жолында күш жумалдыруға тиіс деп санаймын. Осы орайда, бүгінгі саммиттің «Жасанды интеллект және цифрлық даму» мәселесіне арналып отырғаны өте маңызды.

Құрметті жинға қатысушылар!

Қадірлі достар!
Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған өзгерістермен бетпе-бет келді. Жаңа сын-қатерлер пайда болды. Дүние жүзінде технологиялық бәсеке күшейді, яғни инновациялық тұрғыдан озық ел болу мақсаты алдыңғы қатарға шықты. Технологиялық даму кез келген мемлекеттегі тұрақтылық пен қауіпсіздік факторына айналды. Бұл – цифрлық трансформация дер кезінде бет бұрған елдер көш соңында қалмайды деген сөз. Сондықтан Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер технологиялық жаңғыру үдерісінен тыс қалмауы үшін бірлесу жұмыс істеуі керек деп санаймыз. Жасанды интеллект пен цифрландыру үдерісі түркі әлемінің дамуына жол ашуға тиіс.

Қазақстан цифрлық ел болуды көздеп отыр. Бұл – еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсат. Осы жыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Астанада Alem.ai жасанды интеллект орталығы ашылды. Сондай-ақ біз екі суперкомпьютерді іске қостық. Келесі қадам – «Деректерді өңдеу орталықта-

1-бет



рының алқабын» құру. Бұл жоба аймақ елдеріне жетекші технологиялық компаниялар мен жаһандық цифрлық капиталды тартуға зор мүмкіндік бермек.

Біз Қазақстанды аймақтық хаб ретінде дамыту үшін көші-қон үдерісін онтайландыра басталдық. Шетелден келген кәсіпкерлерге, инвесторларға, білікті мамандарға арналған «Алтын визаны» енгіздік. Мұндай виза алған адамдар мемлекеттік және қаржылық қызметтерге Қазақстан азаматтарымен тең дәрежеде қол жеткізе алады.

Сонымен қатар елімізде цифрлық кодекс қабылданды, Жасанды интеллект туралы заң күшіне енді. Біз білім саласындағы цифрлық инфрақұрылымды дамыту және озық технологияны меңгерген педагогтерді даярлау мәселесіне, білім беру жүйесін әр оқушының қабілетіне сай бейімдеу, олардың дербес деректерін қорғау ісіне ерекше мән беріп отырмыз. Осы мақсатпен мен жақында Жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл да Қазақстанның болашағы үшін жасалған өте маңызды қадам деп айтуға болады. Алдағы уақытта еліміздің цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі.

Таяуда Алматы қаласында Тұрақты дамуға ықпал ететін цифрлық шешімдер орталығы ашылды. Бұл бастама Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық экономикалық және әлеуметтік комиссиясының қолдауымен жүзеге асырылады. Қазақстанға тілектестік танытып, осы жобаның тең авторлары ретінде бұл жұмысқа мол үлес қосқандарыңыз үшін Сіздерге алғыс айтамын.

Сонымен қатар наурыз айында Түркі кеңесі сарапшыларының қатысуымен Шымкент қаласында «Жасанды интеллект және цифрлық даму» халықаралық конференциясы өтті. Бұл іс-шара елдеріміздің осы саладағы ынтымақтастығы мен мүдделестігін айқын көрсетті.

Мен былтыр Габалада өткен басқосу кезінде цифрлық даму және киберқауіпсіздік мәселесіне қатысты бірқатар бастама көтердім. Атап айтқанда, Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық мониторинг және Цифрлық инновациялар орталықтарын құруды ұсындым. Бұл орталықтар Ұйымға мүше мемлекеттердің өсіп-өркендеуіне цифрлық тұрғыдан тың мүмкіндіктер береді. Бұдан бөлек, сол алқалы жиында Киберқауіпсіздік жөніндегі кеңес құру қажет екенін айттым. Мұндай Кеңес елдеріміздің цифрлық әлеміндегі осал тұстарды анықтап, инфрақұрылымға төнетін қауіптің алдын алуға ықпал етеді. Осы құрылым арқылы Ұйымға мүше

елдердің тиісті органдары жедел ақпарат алмаса отырып, жұмыс істей алады. Қазақстан бұл бастамалар бойынша тиісті тұжырымдамаларды әзірлеп, Ұйымға мүше мемлекеттерге келісу үшін жолдады. Атап айтқанда, шаралардың бәрі де елдеріміздің ортақ мүддесіне сай келеді, сондықтан, осы бағытта тиімді және белсенді әрекет етеміз деп ойлаймын.

Құрметті мемлекеттер басшылары!

Мен бүгін бірқатар ұсынысты ортаға салғым келеді.

Біріншіден, сауда-экономика саласы бойынша Ұйымға мүше елдер арасында электрондық құжаттар мен цифрлық қолтаңбаны өзара таңауға қатысты жұмысты бірлесу жүргізген жөн.

Екінші мәселе: Ғарыш саласы – түркі мемлекеттерінің бәсекеге қабілетін арттыруға ықпал ететін негізгі фактордың бірі. Бұл бағытты жүйелі түрде дамыту үшін елдеріміздің ғылыми, технологиялық және қаржылық әлеуеті жеткілікті. Әсіресе, спутник байланысы, навигация және мониторинг саласында бірлескен жобаларды жүзеге асырып, ықпалдастығымызды кеңейте түсу қажет. Сол арқылы технологиялық дербестігімізді нығайтып, инновациялық әлеуетімізді арттыруға мүмкіндік туады. Мысалы, «CubeSat-12U» ғылыми спутнигін іске қосудың маңыздылығын атап өтуге болады.

Үшіншіден, білім-ғылым саласына қажетті мамандар даярлайтын оқу орталықтары мен ғылыми мекемелер керек. Өзара тәжірибе алмасу, бірлесіп кадрлар даярлау және озық технологияларды енгізу өте маңызды. Сондықтан Түркі елдерінің жасанды интеллект орталықтарының желісін құруды ұсынамын.

Біз Қазақстанда жаңа форматтағы технологиялық оқу орны – Жасанды интеллект университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Жоғары оқу орнында түркі мемлекеттерінің азаматтарын оқыту үшін арнайы гранттар бөлуге дайынбыз. Бағдарламалау, жасанды интеллект және озық цифрлық технология салалары бойынша Түркі елдерінің жастары арасында жыл сайын ғылыми-технологиялық олимпиада ұйымдастырған жөн деп санаймыз. Бұл бастамаларды жүзеге асыру үшін Түркі инвестициялық қоры тарапынан қаржылай көмек көрсетуге болар еді.

Биыл Қор нақты жобалар бойынша жұмыс істеу тәсіліне көшті. Жарғлық капиталы 600 миллион долларға жетті. Оны ұлғайтуға болады. Бұл – айрықша мән бар стратегиялық ресурс. Сол себепті Қор барлық стартапқа қолдау

көрсетіп, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға белсене атсалысады деп сенеміз. Қор толыққанды қызмет көрсетуге тиіс. Мүше мемлекеттерді осы міндетті жедел жүзеге асыруға шақырамын.

Төртінші мәселе. Қазір әрбір елде IT-жобаларға арналған технопарктер бар. Мен Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің IT хабтарының бірлескен орталығын ашуды ұсынамын. Орталыққа «Turkic ai» атауын беріп, оны Alem.ai орталығында орналастыруға болады. Бірлескен хаб ортақ мүдделерімізді ілгерілетуге ықпал етері сөзсіз.

Бесіншіден, жасанды интеллект пен озық технология дәуірінде рухани және мәдени құндылықтарды назардан тыс қалдырмау қажет. Түркі өркениетінің мол мұрасын сақтау және оны зерделеу – тарихи жадыны жаңғырту мәселесі ғана емес. Бұл – біздің бірге білмеуімізді және ынтымақтастығымызды көрсететін маңызды фактор.

Осы орайда мен Түркі өркениетінің мұрасын сақтау жөніндегі конвенция жобасын псықытау туралы ұсынысты қолдауға шақырамын. Бұл құжат түркі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дәріптеу ісіне құқықтық негіз болады. Сондай-ақ ЮНЕСКО-ның осы саладағы қызмет аясын кеңейте түсуге ықпал етеді.

Алтыншы мәселе. Жасанды интеллект негізінде түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты материалдарды жинақтайтын арнайы цифрлық платформа құру жөніндегі жұмысты жандандыру қажет. Бұл жоба көптілі форматта жасалуға тиіс. Сонда кез келген адам онлайн режимде түркі өркениетінің мол мұрасымен танысып, оны зерделеуі алады. Қазақстан бұл бастамалар бойынша жан-жақты цифрлық шешімдер ұсынуға дайын.

Жетінші міндет. Түркі мемлекеттерінің тарихи және мәдени мұрасын сақтау және оны болашақ ұрпаққа аман етіп қалдыру – баршамызға ортақ міндет, парыз деп айтуға болады. Сол себепті мен Түркістан қаласының руханиятымыздағы ролін ескеріп, осында Түркі өркениеті орталығын құру туралы шешім қабылдадым.

Бұл орталық бауырлас елдердің бірлесіп ғылыми зерттеу жүргізуіне, мәдени жобаларды және білім беру бағдарламаларын іске асыруына жағдай жасайды. Сондай-ақ гуманитарлық ықпалдастығымызды нығайта түседі. Орталықтың қызметін тиімді ұйымдастыру үшін Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркі университетінің ғылыми-академиялықәлеуетін пайдаланған жөн деп санаймын. Бұл университетке

қажетті қаржылай және басқа да жәрдем көрсетіледі.

Бәріміз де жаңа ғана Түркі өркениеті орталығының іргетасын қалау рәсіміне куә болдық. Осы бастамаға көрсеткен қолдауларыңыз үшін Сіздерге алғысымыз зор.

Бұған қоса, біз Астанада Дала өркениетінің дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды жоспарлап отырмыз. Онда дала халықтарының тарихи мен мәдениеті кеңінен насихатталмақ. Ұйымға мүше мемлекеттерді және барлық бауырларымызды осы жобаны қолдауға және оған белсенді қатысуға шақырамын.

Келесі маңызды мәселе. Технологиялық даму және гуманитарлық ықпалдастық дәуірінде түркі тілдеріне ортақ терминологиялық негіз қалыптастыру қажет.

Жақында Түркі Академиясы ағылшын, орыс және түркі тілдерінде сегіз томдық терминологиялық сөздікті жарыққа шығарды. Бұл жұмыс терминдерді бір ізге келтіруге және ортақ ғылым кеңістігін нығайтуға ықпал етпек. Осы орайда Кенеске мүше елдердің тиісті мекемелерінің өкілдері, ғылыми сарапшылары кіретін Мемлекетаралық терминологиялық комиссия құруды ұсынамын.

Құрметті әріптестер!
Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымын жан-жақты дамытуға мүдделі. Бүгінде біздің Ұйымға халықаралық қауымдастық сенім білдіріп отыр. Абырой-беделіміз де артып келеді. Осы орайда Қазақстан Ресейдің «Алтай – түркі өркениетінің бесігі» жобасына өз көзқарасын білдірді. Бұған қоса, біз «Алтай сұхбат алаңы (диалог)» форумын құру жөніндегі ұсынысымызды жарияладық.

Еліміз Түркияның ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы +» форматын құру бастамасын қолдады. Осы форматқа қосылуға ниет білдірген мемлекеттер мен ұйымдарға қатысты нақты өлшемдер болу қажет деп санаймын. Ең бастысы, жаңа форматтағы жұмыс Ұйымның мақсат-міндеттеріне ай болып, оған кері әсерін тигізбеуі керек.

Мысалы, соңғы кезде Ұйымымызды әскери альянс ретінде сипаттайтын ойыңкірлер айтылып жүр. Олардың теріс пейілі бізге анық, мақсаттары – елестіру емес екені де белгілі. Қазақстан ондай ұстанымды жоққа шығару керек деп санайды. Біз үшін түркі әлемінің бірлігін нығайту аса маңызды, кезек күттірмейтін басымдық. Түркі мемлекеттері ұйымы – геосаяси жоба емес, әскери ұйым да емес. Бұл – бауырлас елдердің сауда-экономикалық, жоғары технологиялық, цифрлық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтатын бірегей алаң. Мұндай ұстаным еліміз үшін – маңызды басымдық, себебі, бұл ұлттық мүдде тұрғысынан да тиімді екені анық. «Алтай ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген аталы сөз – бәрімізге ортақ. Түркі әлемі әрдайым тату болып, алға қойған мақсатынан ауытқымай, бірлесіп мәміле беруі керек. Сондықтан бүгінгі басқосу тамыры бір, тарихи ортақ елдеріміздің ауызбіршілігін арттыра түсері сөзсіз.

Аса құрметті президенттері!

Қадірлі жинға қатысушылар!
Бауырластық пен достық негізінде құрылған Ұйымымың қызметі жыл өткен сайын жанданып келеді.

Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы ортақ бастамалар көтеріліп, өзара қолдау табатын төндессіз сұхбат алаңы ретінде қалыптасты. Мен осы тұста баршаңызға тағы да шынайы ризашылығымызды білдіремін.

Бұл басқосуда қабылданған шешімдер Түркі елдерін одан әрі қарқынды дамытуға ықпал етеріне кәміл сенемін.

Түбі бір түркі жұртының бірлігі нығайып, берекесі арта берсін!

ӨРКЕНИЕТ ОРДАСЫ



Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған кесенеге османдық каллиграф Ахмед Шемседдин Карахисаридің қолынан шыққан Құранды сыйлады.

Келесі кезекте Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшылары Turkistan визит-орталығының жұмысымен танысты.

Мемлекеттер басшылары XIV-XV ғасырларға тиесілі сирек жәдігерлер көрмесін тамашалады. Ол Қожа Ахмет Ясауидің өмір жолы мен кесененің тарихынан сыр шертеді. Соның ішінде XIV ғасырдан бері сақталған қабірхананың ағаш есігі бар. Есік сүйекпен,

қаңылтырмен және алтын жалатылған жазулармен безендірілген. Сондай-ақ қуфа мен сулус үлгісіндегі араб мәтінмен өрнектелген.

Мәртебелі меймандарға Әмір Темірдің тапсырысымен жасалған қола шырағандар, XV ғасырға тән аспалы қола көндилер мен айдаһар бейнесінде нақышталған қос құлақты шамдар көрсетілді. Көрменің ерекше сәулеттік элементі – кесене күмбесінің ұшар басында орналасқан көне кубба (мыстан жасалған).

Залдағы аса құнды жәдігердің бірі – XVIII-XIX ғасырларға жататын Қожа Ахмет Ясауи құлпытасының қабіржап-

қышы. Оның бедерлі ою-өрнектері діни символизмді, геометриялық композицияны, каллиграфияны ұштастырады. Орталық Азиядағы ислам мәдениетінде қабіржапқыш рухани құрметтің белгісі саналады.

Кеше сондай-ақ, Түркістанда Түркі өркениеті орталығы бой көтерді.

Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшылары жаңа орталықтың қазығын қағып, іргетасын қалады. Кешенің негізгі идеясы – түркітілдес халықтарды әлем тарихында елеулі орны бар, терең философиясы мен мемлекеттік дәстүрі қалыптасқан ұлы өркениет ретінде дәріптеу. Мұнда ортақ тарихи мұраны ғылыми тұрғыдан зерделеуге, жүйелеуге, мәдени туризм мен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән берілмек.

Орталықтың архитектуралық шешімі ерекше символикалық мәнге ие. Кеңістікте түркі дүниетанымындағы Тәңір, Ергенекон, Көкбөрі, Жерұйық, Дала, Өмір ағашы сияқты маңызды ұғымдар бейнеленеді. Ал мазмұндық құрылымы жағынан экспозициялар бірнеше тақырыптық аймақтарға бөлінді.

Көрермендер тарихи оқиғаларды терең сезіну үшін виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR, AR), голография, жасанды интеллект, иммерсивті дыбыс пен жарық секілді озық технологиялар қолданылады.

Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қатысушы елдердің президенттеріне Қазақстанның цифрлық экономикасын дамыту және аймақтық технологиялық серіктестікті нығайту бастамалары жайында мәлімет берілді.

Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев мәртебелі меймандарға еліміз ЖИ-ді стратегиялық басымдық ретінде қарастыратынын баяндады. Бұл орайда инфрақұрылымды, алами капиталды және инновациялық өнімдерді дамыту арқылы толық экожүйе құрылмек.

Бүгінде Қазақстанда Starlink және OneWeb компанияларының жерсеріктік байланыс технологиялары белсенді



түрде енгізілуде. Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту елдің транзиттік әлеуетін жаңа деңгейге көтереді. Есептеуші қуатын арттыру бұл саладағы маңызды қадамға айналды. Аймақтағы ең ірі суперкомпьютерлер іске қосылды. Енді «Деректерді өңдеу

орталықтарының алқабы» атты ауқымды жоба қолға алынбақ. Қуаттылығы І ГВт-тан асатын хаб AI-есептеулерді ұсынуға негізделген экономиканың жаңа экспорттық моделінің іргесін қалайды.

Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің ынтымақтастығы ғарыш саласында да нәтиже беруде. Еліміз Өзбекстан, Түркия және Әзербайжан мемлекеттерімен бірлесіп, CubeSat ғылыми жерсерігін әзірлеп жатыр. Оны ғарышқа келесі жылы ұшыру жоспарланған.

Жасанды интеллект мемлекеттік басқару жүйесінде кеңінен қолданылуда. eGov AI ассистенті, AlemGPT платформасы секілді шешімдер мемлекеттік қызметтерді анағұрлым жетілдіру түседі.

«СБ» ақпарат

МАҚСАТ – ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бюджеттен бөлек, кәсіпкерлер демеушілігімен демалыс орындары, ойын және спорт алаңдары, орталық алаңдар жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөнделуде. Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылды.

Мемлекет басшысының облыс орталықтары маңынан экомаркет құру тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласындағы Президент саябағы жаңадан салынды, 31 гектар аумақта субұрпақтар, амфитеатр, спорт және ойын алаңдары, 50 метрлік шолу дөңгелегі, веложолдар мен жаяу жүргіншілер жолдары және санитарлық нысандар орнатылды. Саябақ аумағына 10 мыңнан астам ағаш көшеті, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 мың көпжылдық гүл егілді.

Қазіргі таңда мұнда 300 орындық балалар лагері және Ботаникалық білім беру орталығы салынып жатыр. Онда тропикалық және экзотикалық өсімдіктер бағы болады.

Бұл жұмыстар өңірдің барлық ауданында жалғасып, жаңа демалыс орындары, аллеялар салынып, көшелер абаттандырылды, жарықтандырылды. Демеушілік қаражаты есебінен Жанақорған ауданында демалыс паркі, Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылында «Еңбекшілер аллеясы» салынды. Қармақшы ауданының Жаңажол ауылында орталық алаң абаттандырылып, Жалағаш ауданы Таң ауылының көшелері көркейе түсті.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару, оларды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жаратуға «Жасыл даму» АҚ қаржыландыруымен 9 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл салаға шетелдік инвестиция, озық технологиялар тартылды. Қызылорда қаласында шетелдік компаниялардың қатысуымен 2 ірі жоба құрылысы басталды.

1-бет

ТАРАПТАР ӘРІПТЕСТІК МҮМКІНДІГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Астана қаласына жұмыс сапары кезінде «Қорқыт ата әуежайын» сенімгерлік басқаруға беру аясында халықаралық «Vana International» компаниясының Қазақстандағы өкілдерімен және «Kazakhstan Aviation Holding LTD» компаниясының мамандарымен кездесті.

Кездесуде тараптар әуежай инфрақұрылымын дамыту, әуе қатынасының мүмкіндіктерін кеңейту және нысанды халықаралық талаптарға сәйкестендіру мәселелерін талқылады. Сонымен қатар инвестициялық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары қаралып, әуежай қызметінің сапасын, жолдаушылар ағынын арттыру, логистикалық әлеуетті ілгерілету бойынша бірқатар ұсыныс айтылды.

Өз кезегінде Мұрат Нәлқожаұлы өңірдің көлік-логистика саласын жетілдірудегі жобалардың маңыздылығына тоқталып, инвесторлармен өзара тиімді әріптестік орнатуға дайын екенін жеткізді. Кездесу соңында тараптар бірлескен жұмысты әрі қарай жалғастыруға уағдаласты. Атап өту қажет, осы жылдың 5 мамырында сол кездегі облыс әкімі Нұрлыбек Машбырқұлы «Vana International Holding» компаниясының өкілдерімен кездесіп, қорытындысы бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын.

/// СЕССИЯ

ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Онда облыстық мәслихаттың «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №199 шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қатысты.

Сессия барысында облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Глеумбетов депутаттар тарапынан ұсынылған әрбір мәселе халықтың өтініші негізінде жинақталғанын атап өтті. Сондықтан олардың әрқайсысы дер кезінде шешілуімен ерекшеленеді.

Облыстық мәслихат депутаттары Ибадулла Тілеп, Жанкелді Ысқақ, Жорабек Нұрымбетов және өзге де халық қалаулылары облыс орталығы мен аудандардағы шешілмей жүрген проблемаларды қозғап, оларға тиісті қаржыны қарастыру мәселесін қозғалды. Оған қатысты облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Сәкен Мырзабек жауап беріп, депутаттар тарапынан ұсынылған өтініштер бойынша қолдау тапқан мәселелерге тоқталды.

Мәслихат сессиясын түйіндеген облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов әрбір ұсыныстың аяқсыз қалмайтынын, жобалар кезек-кезесімен жүзеге асатынын жеткізді. Кейінгі жылдары аймақта көптеген жаңашыл жоба, байыпты бастамалар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға оң септігін тигізді. Бұл орайда депутаттардың белсенділігі айқын аңғарылды.

«СБ» ақпарат

«HARVEST AGRO» ЖШС ДИРЕКТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Harvest Agro» ЖШС директоры Нұрлан Увашевпен кездесті. Кездесуде аймақта жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар жайы талқыланды.

– Мемлекет басшысының су үнемдеу технологияларын пайдалануды жыл сайын 150 мың гектарға дейін ұлғайту тапсырмасына сәйкес бірқатар шара атқарылды.

Өткен жылы су үнемдеу технологиялары кол-

данылған жер көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 2 есе артып, 8100 гектарға жеткізілді. Быыл бұл көрсеткіш 16700 гектарға дейін артады. Су ресурстарының азаюы бізге бұрынғы дағдыларды қайта қарап, табиғатпен үндес, үнемшіл әрі тиімді

ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Биыл Сыр өңірінде Халықаралық отбасы күніне орай 700-ге жуық іс-шара өткізіледі. Бұл туралы «Достық үйінде» өткен көшпелі брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов хабарлады.

Жыл сайын Халықаралық отбасы күнін атап өтуге байланысты шаралар кешені бекітіледі. Атап айтқанда, «Мерейлі отбасы-2026» ұлттық байқауы, «Отбасы ағашы» акциясы, «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылындағы «Толағай» спорттық сайысы, психолог мамандардың қатысуымен білім беру мекемелерінде ата-аналармен кездесулер сынды танымдық-тәрбиелік шаралар ұйымдастырылады.

– Қазір облыста 17 мыңнан астам «Алтын алқа», «Күміс алқа» иесі мен 48 мың көпбалалы отбасы бар. Өздеріңізге белгілі, отбасы құндылықтары мен киелі шаңырақтың қадір-қасиетін жас ұрпақтың сана-санауына сіңіріп, рухани-адамгершілік тәрбиені дәрiптeу үшін барлық аудандағы неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар орталығы, ардагерлер мен аналар кеңесі «Руханият орталығына» топтастырылды. Орталықтарда аға буын мен жастар бір-бірімен араласып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруда. Жас буын үлкендердің ақыл-тыңдап, тәжірибе алмасуда. Онда мәдени-көпшілік шаралар, концерттер, мерекелік кештер өткізіледі.

Жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беруге бағытталған жүйелі жұмыс бар. Наурыз айында қала орталығында еліміздегі алғашқы «Құзыреттілік орталығы» пайдалануға берілді. Жоба Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірлерде қузыреттілік орталықтарын ашу жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылды. Жаңа нысан техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен бизнес өкілдері үшін ортақ платформаға айналуда. Екі қабатты, 1000 орынға арналған заманауи ғимарат студенттерді халықаралық кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған жарыстарға даярлайды.

Сонымен қатар мұнда сарапшылар қауымдастығын дамыту, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және жастардың жұмысшы кәсіптеріне қызығушылығын күшейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде, – дейді Руслан Қаюпов.

Басқарма басшысының айтуынша, Президент саябағы аумағында 300 орындық балалар тынығу лагері пайдалануға берілді. Лагерь жеткіштердің салауатты орта қалыптастыруына бағытталған спорт кешенінен, балалар мен тәрбиешілерге арналған тұрғын блоктардан, мәдени-көпшілік іс-шараларға арналған event-аумақтан, 5 киіз үй, ашық бассейні, ойын алаңдарынан және амфитеатрдан тұрады. Оған қоса, саябақта Ботаникалық білім беру орталығының (қысқы бак) ғимараты салынууда. Бак ішінде шетелдерде өсетін жасыл желек егіледі.

«Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Кешенде олимп-



пиадалық бассейн, 2500 орындық спорт залы, сондай-ақ түрлі форумдар мен жиындар өткізуге арналған 300 орындық конференция залы қарастырылған. Нысанды осы жылдың тамыз айында пайдалануға беру жоспарланған.

Аймақта бірқатар заманауи ағартушылық және мәдени нысандар ел игілігіне берілді. Атап айтқанда, «Өнер орталығы», «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Оқушылар сарайы», тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты, сондай-ақ заманауи талаптарға сай салынған «Теннис орталығы» жастардың білім мен өнерге, спортқа деген қызығушылығын арттыруға, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен ерекше балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға арналған заманауи Инклюзивті спорт орталығы салынды.

Орталықта балалардың спортпен еркін айналысып, денсаулығын нығайтуына және қоғамдық ортаға бейімделуіне барлық жағдай жасалған.

Брифингте басқарма басшысы дәстүрлі «Мерейлі отбасы-2026» байқауына құжат қабылдау басталғанын жеткізді.

– 2014 жылдан бастау алған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы биыл 13-рет ұйымдастырылады. Бұл – отбасы институтының және отбасы құндылықтарын дәрiптeуғe, ұлт-мыздың әлеуетін арттыруға орасан зор үлес қосып келе жатқан бірегей жоба. Жыл сайын өткізілетін байқау өнегелі отбасыларды баршаға танытып келеді. Конкурста облыстан барлығы 3000-нан астам отбасы қатысты. Өткен жылы облысқа қарасты барлық елді мекеннен 231 отбасы өтінім берді. Быыл да жобаға қатысушылар белсенділігі жоғары, – дейді басқарма басшысы.

Құжат қабылдау 15 мамырдан бастап 15 маусымға дейін жүргізіледі. Конкурста өтінім беру процесі бұқаралық ақпарат құралдары мен облыстық қоғамдық даму басқармасы, қала және аудан әкімдіктерінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланады. Алдымен аудандық деңгейдегі комиссиялар құрылып, облыстық комиссияға ұсынылады. Жоба жеңімпаздарын комиссия құрамы сараптайды. Облыстық комиссияның оң шешімін алған отбасылар республикалық деңгейдегі конкурста жолдама алады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



Бүгінде мемлекет тарапынан отбасы институтын қолдауға айрықша көңіл бөлінуде. Ана мен баланы қорғау, көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету, жастарды баспанамен, жұмыспен қамту бағытындағы бағдарламалар – соның дәлелі. Бұл – отбасының қоғамдағы орны әрқашан маңызды екенін көрсетеді.

Татулық пен тұрақтылықтың алтын қазығы саналатын отбасы институтын нығайту бағытында өңірде ауқымды жұмыстар атқарылууда. Соның жарқын көрінісінің бірі – 2023 жылдың 29 қыркүйегінде облыстың 85 жылдық мерейтойы мен қала күні қарсаңында салтанатты түрде ашылған «Отбасы орталығы».

Ел игілігіне берілген бұл нысанның құрылысына облыстық бюджеттен 1,6 миллиард теңге қаржы бөлінді. Заманауи талаптарға сай бой көтерген орталықтың басты мақсаты – отау құруға ниетті жастарға әлеуметтік әрі рухани қолдау көрсету, жас буынға өнегелі отбасылардың өмір жолын үлгі ету және отбасын жоспарлау мәдениетін қалыптастыру.

Бүгінде орталық жас жубайлар үшін ерекше маңызға ие рухани мекенге айналып отыр. Мұнда туу туралы куәлік, неке куәлігі, зейнетақы кітапшалары салтанатты түрде табысталады. Сонымен қатар алтын той, күміс той, маржан той секілді отбасылық рәсімдер ұйымдастырылып

1-бет

келеді. Орталық ашылғалы бері 2306 жас неке куәлігін алып, жаңа өмірге қадам басты.

Жастарға жаңа-жаңы қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Бақыт мекені» жобасының да маңызы зор. Жоба аясында облыстық «Жастар денсаулығы» орталығы, облыстық «Жастар ресурстық орталығы», «Отбасы банкі» мен «Мансап» жұмыспен қамту орталығының мамандары жастарға өмірлік маңызды шешімдер қабылдауға бағыт-бағдар беріп келеді. Жұптық өмірді жоспарлауға ниет білдірген жүзге жуық жұпқа нақты қолдау көрсетіліп, жыл басынан бері 155 адам тегін кәсіби кеңес алды. Жалпы өткен жылы 800-ден аса жасқа тегін қызмет көрсетілді.

Орталық тек отбасылық құндылықтарды дәрiптeумен шектелмей, жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуге де белсенді атсалысып келеді. Мұнда тұрғын үй мәселелері, мемлекеттік бағдарламалар, еңбек нарығы, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, жастарға арналған жобалар мен мемлекеттік қолдаулар жөнінде кәсіби кеңестер беріледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының креативті индустрияны дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, орталықта креативті кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған тұрақты жобалар жүзеге асырылууда. Өңір кәсіпкерлеріне арналған шеберлік сағаттары, сауда көрмелері ұйымдастырылып,

олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, өнімдерін жарнамалап, коммерциялауға мүмкіндік жасалуда.

Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында орталық бастамасымен 1300 адамды қамтыған 24 іс-шара ұйымдастырылды. Бұл – «Отбасы орталығының» өңір тұрғындары үшін маңызды әлеуметтік әрі рухани алаңға айналғанының айқын дәлелі.

Бүгінде «Отбасы орталығы» – тек рәсім өтетін орын ғана емес, берекелі отбасының бастауы, жастардың болашаққа сеніммен қадам басуына жол ашатын маңызды қоғамдық кеңістік. Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, отбасылық институтты нығайту жолындағы мұндай бастамалардың қоғам үшін маңызы зор.

Атаулы күнге орай «Отбасы орталығының» ұйымдастыруымен «Отбасы – ұлт тәрбиесінің алтын ұясы» атты мерекелік іс-шара өтті. Оның мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, ұлттық тәрбиені дәрiптeу және өнегелі отбасыларды көпшілікке үлгі ету.

Мерекелік кеште неке кино рәсімі өткізіліп, жаңа туған сәбилердің ата-аналарына туу туралы куәліктер берілді. Шарада жарты ғасыр бір шаңырақ астында тату-тәтті құмыр кешіп келе жатқан алтын той иелеріне құрмет көрсетілді. Мерекеге орай тағы бір шара Құзыреттілік орталығында өтті. Облыстық білім басқармасы психологиялық қолдау орталығының ұйымдастыруымен «PARENTS TALK: Бақытты отбасы» атты облыстық ата-аналар форумы болды. Оның мақсаты – ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, отбасы институтын нығайту, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты дамыту және жасөспірімдердің қауіпсіз психосоциалдық ортасын қалыптастыру.

Форумға білім беру ұйымдарының өкілдері, педагог-психологтар, ата-аналар, сала мамандары мен қоғамдық ұйым өкілдері қатысты. Онда жасөспірімдердің психологиялық саулығы, отбасындағы эмоционалдық қолдаудың маңызы, бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі, қауіпсіз орта қалыптастыру, ерекше балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері, жасөспірімдермен тиімді байланыс орнату тақырыптары талқыланды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«ҚАШҚАНСУДЫҢ» ҚҰШАҒЫ

Жергілікті жұрт «Третий» деп атайтын ауылдың дұрыс атауы – III Интернационал. Қармақшы ауданындағы осы ірі елді мекенде талай болдык. Тіршілік қамын күйтеген түрлі ұлт бар мұнда. Жер несібесін теріп жейді. Кезінде жер ауған аталарының дәстүрін де ұмытпаған. Жергілікті жұртпен сінбесе отырып, еңбек қылады. Сол еңбектің арқасы болар, мұнда тұратын 11 ұлт бір-бірімен өте тату.



бастан қонақжай қазақ халқының құшағы ашық емес пе? Осында әбден орнығып, бір ел атандық, – дейді ауыл тұрғыны Амирхан Мардиев.

Оның айтуынша, ата-баба жерінен ауып келген түрік отбасылар «Қашқансудың» табанына тұрақтап, адал еңбекпен күн көрген. Қазір солардың саны артып, бүгінгі III Интернационалда 200-ден астам түрік шаңырағы өсіп-өніп отыр. Дәл осы ағайынның ішінен ғалым да, дәрігер де, түрлі саладағы еңбек адамдары мен кәсіпкерлер көптеп шықты. Әрі олар өздеріне құт-мекен болған III Интернационал ауылын ұмытқан емес. Мақтаным тұтып, Отаным деп әсептейді. Сыртқа қоныс аударса да, жиі соғып, өскен өлкеден естен шығармай келеді.

– Өз басым ұрпағымды Қармақшы топырағында өрбітіп, отбасымды адал несібемен асырап келемін. Бар жұмысым – дала төсінде, күріш басында. Егін шаруашылығында мектеп бітіргелі келемін. Арнайы ауыл шаруашылығы машиналарын жүргізуді үйрететін курсты жас күнімізде бітірдік. Содан бері механизатормын. 1985 жылдың аяғында әскерге алынып, келген соң да трактор роліне отырып, жер жырттық. Қойменен Сыр салысын орддық. Арасында сушы болып та еңбек еттік. Бір білерім, адам баласын ұлты не дініне қарамастын бірлікке, ынтымаққа үндейтін бір ғана дүние бар. Ол – еңбек. Артымдызидан келе жатқан бұйына осы қасиеттерді ұдайы сипірсек, бізде де арман жоқ, – деп ағынан жарылды ол.

Екі ұл, бір қыз өсіріп, үш немере сүйген Амирхан Фирдинұлы шаруашылықтың №3 бригадасында еңбек етіп жүр. Алпыстағы ағаның әлі де дала еңбегінде тың екені байқалады. Түрлі тракторды жүргізуден бөлек, кейбір бұзылысы көп техниканың да тілін өзі таба береді.

Ал ауылдық әкімдікте жетекші маман болып қызмет атқаратын Давлят Тельмановтың айтуынша, қазір осы ауылда біз айтқан корей мен түріктен бөлек, орыс, өзбек, беларусь, украин, татар, әзербайжан, қырғыз сияқты ұлт өкілдері бар. Бір-бірімен тату. Қазақ жерінің байлығы мен рухани қазынасын молайтуда үлесі зор.

Социалистік Еңбек Ері Цай Ден Хак басқарған осы ауыл өз уақытында мемлекетке 10 мың центнер күріш, 700-800 центнер сүт тапсырып отырған. Бұл сол 1950-1960 жылдардағы көрсеткішпен қарасақ, қолхоз тарихында болмаған жетістік. Бүгінде ауылдағы барлық ұлт өкілдері 2000 гектардан астам күріш егеді. Татулықты ту еткен «третийліктер» жыл сайын егін егуден көш бастап тұр. Құш-жігерін ел бірлігіне жұмсаған ауылдың берекесі де артар. Содан болар, Қармақшы мен «Қашқансу» құшағына алған көп ұлттың бүгінде қабағы жадыраңқы.

**Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»**



СЫҒАН СЕРЕНАДАСЫ

Расында, Шәмші шығарған бұл ән тіптен өзгеше. Қазақ сазына ұқсамайды, бірде құйылып, бірде асқақтап жүрек тербейтін керемет ән. Арада қаншама жыл өтсе де әннің төңірегінде қарама-қайшы пікірлер бар. Біреулері әндері мен билері үйлесім табатын, жан-жағын той-думанға бөлеп жүретін, әлеуетті өнерді еркіндігімен асастырған сыған музыкасына Шәмшінің ынта қойып қызыққанынан туған дүние деген уәж айтады. Енді бірі Изольдаға ғашық болған, содан өмірге келген ән дейді. Не десек те, ән махаббатты жырлаған керемет туынды екені даусыз. Серенаданың мәтінін халқымыздың аса талантты ақыны Қалдыр Мырза-Әлі жазған. Сөзі де бөлек, теугерінді. Екі шумағын қайыр-масымен оқып көрейіші:

– Тулаған қаны бар,
Тұлпар да табылар
Үміт болса.
Күн туса басына,
Мойыма,
Жасыма жігіт болса!
Толқысын шартарап,
Тасышы, тебіренші,
О, гитара жансерігім,
Төгілсін құй тарап
Жаның тарықпайсың.
Қайран басың,
Ғарип басың,
Көзінді жұмбақ қамықпасын.

Консерваториядан шығып қалып, басына ауыр күн туған қиын сәтте сыған тобырымен біршама күн бірге болғандағы сыған қызының Шәмшіге арнаған қайрау сөзін Қалдыр ақын жоғарыдағыша киноластырады. Қызығатынымыз, сөз бен саз бір-бірімен үндесіп жатыр. Бұл еден шумақтарын ешкім жатырқамайды. Шынтуайтында әркімнің өз ойы, өз арманы ретінде қабылдайтын шумақтар. Өркениеттің қылбурауына ерте ілігіп, табиғи тірліктен алыстап кеткен, еркіндігі мен бостандығын қимай, ұшарын жел, қонарын сай білген сығандарға да келетін ән мен шумақтар.

«Үйде байыз тауып отыра алмаймын. Ел кезіп кетемін. Біресе Жамбылда, біресе Шымкентке, бірде Фрунзеден табыламын. Ат басын тіреп баратын адамдарым бар. Олар кім деп сұрамай-ақ қой. Маған сығандардың еркін өмірі ұнайды. Жастау кезімде солардың тобырына еніп, біраз жүргенім бар. Сол қимас күндер есіме түсіп, «Сыған серенадасы» деген ән шығардым». Бұл – композитордың жазушы Оразбек Бодықовқа айтқан жан сыры. Автордың 1992 жылы «Дауір» баспасынан басылып шыққан «Шәмші Қалдаяқов: хикаяттар» кітабына берілген аннотацияға қарайық: «Аяулы ана, мөлдір махаббат, шыншайы бақыт туралы тамаша әндер шығарып, өзі елеусіз де аянышты тірлік кешкен қайран Шәмші! Бірақ біздер әнсуіер қауым оның өмірі дәл осылай бақытсызға болып өткенін білдік пе? Білмедік. Қолыңыздағы кітап композитор Шәмшінің көзі жұмылғанға дейінгі үш жылында қасынан қалмай, қуанышы мен күйінішіне куә болған, қажет кезінде сүйеніші бола білген нағыз жанауыр да айнымас досы-жазушы Оразбек Бодықовқа мыңдаран оқырмандары атынан рахмет айтамыз». Бұл пікірдің ар жағында біраз тарих жатқанын көзқарайық оқырман аңғарған болар.

Жә, тақырыптан қашықтаңқырап кеттік білем, «Сыған серенадасына» оралайық. Ұмытпасам 1972 жыл болатын. Мектепте ән және музыкадан сабақ беремін. Бірде Шәмші Қалдаяқовтың нотасымен қоса жазылған «Менің Қазақстаным» атты қалың, көлемді кітабы қолыма түсті. Қуанып кетіп парақтадым. Ішінде өзім білетін, сонау алпысыншы жылдары талай қосыла шырқаған әндеріміз бар екен. Бір бетін ашқаныма «Сыған серенадасы» дегенге көзім түсті. Нотасын баянға салып, асықпай тартып көре басталдым. Бірғағы, әуені, өлшемі кәдімгі әннен бөлек. Мұнысы қалай? Балаларға үйретуге келмейді екен деп ойладым да, келесі паракқа көшіп кеттім. Арада 2-3 жыл өткенде теледидардан көрсетілген бір концертте Алтынбек Қоразбаевтың әнді домбыраға қосып орындап жатқаны үстінен түстім. Көрермендер залында Шәмшінің өзі де отыр. Осыдан соң ән жылдар бойы естілмей жоғалып кетті.

Арада 30 жылдан аса уақыт өткенде Токтар Серіков сахнаға шығарды. Бұл қалай болды, кейінірек тоқталамын. Әуелі, Шәмшіге арнап «Ән аға» атты керемет ән жазған әуесқой композитор Қалдыбек Құрманәлінің сөзін берейік: «Шәкен екеуіміз сұхбат құрып, емен-жарқын сөйлесті отырған сәттерді

бірінде әңгіме төркіні «Сыған серенадасына» тірелді.

– Көресің, – деді Шәкен, бұл ән өз орындаушысын табады, халық аузынан түспейтін танымал ән болады.

– Шәке, сіз де мақтанады екенсіз, шыққанына қаншама жыл өтсе де көпшілікке тарамаған, елдің аузына ілікпеген ән енді қашан?..

– Асықпа, айтқаным келеді, – деп композитор әңгіме төркінін басқа жаққа бұрды.

Айтқаны келді ғой, бірақ өзі тыңдай алмай кетті...

Осындайда Асанәлі Өшімов айтқан мына бір төрт қатар сөз тіркестері ойға оралады:

– О, тәкаппар дүние!
Маған да бір қарашы?
Танимысың сен мені
Мен қазақтың баласы.

Әндері қалың елді дүрліктіріп, тыңдағанын тәнті еткенімен ұлы тұлға Шәмші Қалдаяқовты тәкаппар дүние кейінірек ғана таныды десек, артық айтқандық емес шығар?!
Ақын-драматург, әуесқой сазгер Исрайыл Сапарбайдың «Сыған серенадасы» атты драмалық шығарма жазғанын білеміз. Осыдан біраз жыл бұрын М.Әуезов атындағы академиялық театрың Қызылордаға келіп, осы спектакльді қойғаны бар. Көптен бірге біз де тамсана тамашалағанбыз. Сәтті шыққан қойылым ұмытылмастай әсер қалдырған еді.

Махаббат – құдірет! Ол ұлт таңдамайды, тек жүректің әміріне ғана бағынады. Әлімсақтан солай. «Махаббатпен өткен күндер – нағыз күндер» дегендей сыған қызы Изольдамен жолығысуы, Шәмшінің жабырқаған жанына шуақ құйып, екінші тынысын ашқандай... Мұндайда ұлы адамдарға да ден қойған ләзім. Мысалы, 1799-1850 жылдары өмір сүрген француз жазушысы Оноре де Бальзактың: «Махаббат деген – қажеттілікке сезімнің ұласуы» деген сөзін ойға алсақ, Шәмшіні де түсінуге болады.

Нартәуекелге барып, тобырға келген дарынды тұлға оларды қазақ әнімен бас идіреді. Естайдың «Қорланын» айтқанда сөздерін түсінбесе де, сазы арқылы мазмұнын ұғынып, көшеттеп қол соғады:

– Бір қыз бар Маралдыда

Қорлығайын,
Табиғат берген екен күн мен айын,
Мұратқа іздеген жан бәрі жеткен,
Дарига, арманым көп, не қылайын,
– деп Шәмшінің әулетіп салған әні сыған қызының жүрек түкпірінен орын ала, кімді кінәлаймыз?

Спектакль Қызылордада екі рет қойылды. Алғашқы күнгі қойылымда Шәмші бейнесін белгілі актер Бекжан Тұрыс сомдаса, келесі күнгі жас актер Ерлан Біләл ойнаған еді. Көрермен қауым қазақ жігіті Шәмші мен сыған қызы Изольда арасындағы қимас сәттердің куәсі болған. Бір кездері дүниеден баз кешіп, тобырдан сая тапқан Шәмші мен Жаратушыны ғана мойындайтын еркін, сұлу қыз Изольда көрерменді шыншайы сезім жетегіне ертіп әкеткен. Мұндайда ойды-ой қуып, көз алдына өткен күндерін елес береді.

Сонау алпысыншы жылдар. Қазақ даласының түкпір-түкпірі Шәмші әндерімен толқып тұратын еді-ау! Сұлу Сырдың жағасындағы жасыл желегі жайқалған ауыл.

Біріміз:
– Жайрандап жазда ағатын еді,
Есімде қайран Сыр сұлу.
Танертең сонда баратын еді,
Толқыңға құмар бір сұлу, – десек,
Екіншіміз:
Тау да тұр жырақта,
Қол бұлған аңсаған,
Сен жоқсың бірақ та,
Қайдасың, қалқажан? – деп шарқ ұрдық.

Үшіншіміз:
Өзгеде де ең сұлу,
Өмірлік дос тең сұлу
Өзім сүйіп ұнатқан,
Бәрінен де сен сұлу, – деп жаһанға жар салатынымыз.

Сондағы бозбала – бүгінде ата, балауға қыз – бүгінде әже. Дегеніне көндіріп, зымырап өткен жылдар-ай десенші? Не десек те, жүректенді жаулаған Шәмші әндері жастықтың жалауындай желбірегені шындық.

Изольдамен кете алмай, не оны алып қала алмай жасыған Шәмшіні тығырықтан қыздың өзі шығарады:

– Қайнаған қаны бар
Қалыңдық табылар,
Үміт болса...
Жасыма жігіт болсаң, – деп жігер береді.

Символикалық сәт! Біраздан бері көз жазып қалған күйсандықпен

Шәмші қайта қауышты. Жан дүниесі күмбірлеп кетті. Жана ән туды. Ән болғанда қандай! Жаксы қойылым жан сарайыңды ашады, көңіл күйіңді көтереді. Театр деген – өмір ғой!

Енді әннің бағын ашып, өзі де қазақ жұртына осы әнімен белгілі болған Токтар Серіковке келейік. Өнер әлеміне енді қадам басқан, әлі студент Токтар репертуар таңдап жүріп, ықпалы «Сыған серенадасына» ауады. Әннің оранжировкасын жасатып, біраз дайындықтан өткесін сахнаға шығу ойына келеді. Не істеу керек? Сол күндері біздің Алматыға көшіп келген әнші-композитор Ұлықпан Жолдасовпен танысады:

– Бір әнді айтқым келіп жүр, – дейді Токтар.

– Ол қандай ән?
– Сыған серенадасы.

Осы әнді Рамазан Стамгазиевтің домбырамен айтқанын тыңдап, «мынауа бір жаксы ән екен» деп өзі талаптанып жатқан Ұлықпан кідіріп қалады.

Өйткені, бәрін дайындап қойып, тек басын қалай бастау керек (мұны музыкада «вступление» дейді) екеніне ойланып жүрген.

– Осы әнді маған қиыңыз, менің өнердегі төлқұжатым болсыншы, – деп өтінеді Токтар.

Жас жігіттің көңілін қимаған Ұлықпан келіседі. Дайындайды. Ол жылдары «Тамаша» ойын-сауық хабары эфирге тікелей берілген екен. Ұлықпан ағасы Токтарды ертіп «Тамашаға» апарды. Бұл 1999 жыл еді. Сәті түсіп, Токтар Серіковтің эстрада жаңрына салып айтқан «Сыған серенадасы» білікке самғады. Әннің бағы ашылып, Токтардың атағын шығарды, халықтың ықыласын тудырды. Бұл жайлы Токтардың өзі: «Сыған серенадасы» Қазақ радиосынан жиі беріліп, базарда да, қай жерге барсам да алдымнан шығатын болды. Осы әнге бола концерттерге, жұмыс-тойларға шақыртың. Жұрт әнді құмарта тыңдады. Зор қошеметке бөлендім», – дейді. Осындайда өзі айтқаны деп дайындаған әнін Токтарға қиған Ұлықпан Жолдасовтың азаматтығына тәнті боласың. Мұны өнер адамдарының арасында кездейсоқ кездесетін өзара сыйластық пен мәрттік деп бағалауға әбден болады.

Мақала соңында қанша жазсақ та, қанша дәріптесек те артықтық етпейтін біртуар тұлға, «Вальстін королі» атанып, күллі қазаққа ән салдырған Шәмші Қалдаяқовтың қысқаша өмір-дерегін жазса кетуді артық көрмедік. Ол 1930 жылы 15 тамызда Отырарда дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Жәмшид, кейін Шәмші атанып кеткен. Әкесі Қалдыаяқ он сауағанын өнері тамған ұста, оның үстіне домбыра, қобыз, гармон тартқан. Анасы Сақыпжамал керемет әнші болған. Шәмші мектеп бітіргесін Қашқардағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумға түсіп, оны тәмамдайды. Жолдамамен барып, Ақтөбе облысында зоотехник болып еңбек еткен. Сегіз айдан соң әскер қатарына шақырылады. Әскери борышын өтеп қайтқанын Ташкенттегі музыкалық училищеге түседі. Осында оқып жүрген Шәмшіні атақты әнші Жамал Омарова кездестіреді. 1956 жылы Алматыға алып қайтып, Шәмшіні Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның композиторлық бөліміне түсіреді. Естіген жұртты елең еткізіп, халық жүрегінен орын тепкен «Қайықта», «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқарым», «Менің Қазақстаным», тағы да басқа көптеген әндерімен тыңдарманның құлақ құрышын қандырады. Қазақстан комсомолы сыйлығын иеленеді. Дінмұхаммед Қонаев қабылдап, Алматы қаласының орталығынан үш бөлмелі үй бергізіп, ән кітабын бастыртылды.

Жоғарыда тоқталып кеткендей Шәмші өмірі тақтайдай тегіс болған жоқ. Әлдебір себептермен консерваториядан шығып қалуы, тұрмыстағы қиыншылықтар... Саналы ғұмырында 300-ге тарта ән жазыпты. 1991 жылы «Қазақстанның халық әртісі» атағын алды. Шымкенттегі филармонияға, туған жеріндегі балалар музыка мектебіне, Астана, Алматы қалаларындағы көшелерге ұлы композитордың есімі берілген.

Жер бетінде қазақ деген халық барда, әсем әндерімен артына мәңгілік мұра қалдырған Шәмші ұмытылмайды, жасай береді.

**Темірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР Білім беру ісінің құрметті
қызметкері,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі**

Уақыттың өзі кейде адам тағдырын таразыға салып, кімнің кім екенін ел жадында айқындап қалдырады. Қазақтың «тектің текті туады» деген сөзі бекер айтылмаса керек. Сол бір тектіліктің айқын көрінісін мен Бағдат Кәрібозұлынан көремін. Ол – жыраулық дәстүрдің ізі қалған, сөздің киесін сезінген Балқас Базардай бабалардың жұрнағы. Осындай рухани тамырдан нәр алған адамнан өзгеше болмыс күтудің өзі заңдылық.

ТЕКТИЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

Бағдаттың әкесі – Кәрібоз сырт қарағанда қарапайым шаруа адамы болғанымен, ішкі болмысы терең, сөзі салмақты, аз сөйлеп, көп мағына сыйғызатын кісі еді. Ондай адамдардың әр айтқаны өнеге, әр ісі үлгі болып қалатыны анық. Бәлкім, Бағдаттың бойындағы парасат пен сабыр, кісілік пен кендік сол әкенің тәлімінен дарыған қасиет болар. Әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен келген асыл қасиеттердің ұрпақ бойынан табылуы – табиғи заңдылық.

Бағдат көпбалалы отбасында дүниеге келген. Оның алдында екі апасы болған. Әкесі Кәрібоз үшін бұл ұлдың орны ерекше еді. Баласы туған сәттен бастап қуанышын жасыра алмай, ел-жұртына той жасап, қайда жүрсе де «Бағдатым» деп асығып жететін. Тіпті түн ортасы болса да, баласының жанына келіп, қасында болуды парыздай көретін. Бұл әке жүрегіндегі шексіз мейірім мен үміттің көрінісі еді. Сол балалардың ішінде Бағдатқа деген сенімі де, ықыласы да бөлек болатын.

Менің әке-шешем мен Кәрібоздың отбасы бір-бірімен етене жақын, сыйлас, көрші-қолан болып араласқан жандар еді. Сондықтан Бағдаттың өскен ортасын, тәрбие алған шаңырағын жақсы білемін. Кәрібоздың өз бауырларына деген қамқорлығы – өз алдына бір тағылым. Соғысқа кеткен ағалары оралмай қалған соң, олардың отбасыларын жетімсіретпей, барлығын өз қамқорлығына алып, өсіріп-жетілдіріп, әрқайсысын үйлі-жайлы етіп, жеке отау қылып шығаруы нағыз азаматтықтың, бауырмалдықтың үлгісі еді. Осындай ортада өскен бала мейірім мен жауапкершіліктің не екенін бойына сіңірмей қалуы мүмкін емес.

Бағдат та сол қасиеттерді бойына дарыта білді. Ол туған жері бұрынғы Сталин, кейін Ленин атындағы колхоз, қазіргі Құмжіек ауылдық округіндегі мектепте оқып жүріп-ақ алғырлығымен көзге түсті. Сабалқа зерек, ізденімпаз, қатарынан озық болды. Сол талаптың арқасында білімін жалғастырып, Қызылорда педагогикалық институтына түсіп, тіл мен әдебиет саласын таңдады. Бұл оның табиғатына, рухына жақын жол еді.

Институт қабырғасында жүріп-ақ ұстаздарының назарын аударып, қабілетімен ерекшеленген Бағдат аспирантураға жоллама алып, ғылым жолына түсті. Кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, кейін өзі білім алған оқу орнында ұстаздық қызмет атқарды. Ол тек дәріс оқып қана қойған жоқ, шәкірт жүрегіне жол таба білді. Студенттердің сүйікті ұстазына айналды. Оның әрбір сабағы білім ғана емес, адамгершілік мектебі еді.

Ғылымдағы ізденісін тоқтатпай, кейін Алматыға барып докторантурада білімін жалғастырды. Бұл кезең оның ғалым ретінде қалыптасуындағы ең маңызды белестердің бірі болды. Осы тұста оның ғылыми жұмысына жетекшілік еткен қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, академик Зейнолла Қабдолов еді. Зәкеннің талғамы қатал, таңдауы биік болатын. Ол кез келген адамды жанына жақындата бермейтін. Ал Бағдатты өз қарамағына алып, сенім артуы – оның қабілетін, болашағын дәл танығанының белгісі.

Мен Бағдаттың докторлық диссертация қорғаған сәтінде арнайы қатысқан едім. Сол күн әлі күнге дейін көз алдымда. Баяндамасы аяқталған соң, комиссия мүшелері сұрақ қоюға дайындалып отырған сәтте, Зәкеннің өзі орнынан көтеріліп: «Осы баяндаманың өзімен-ақ докторлық атақ беруге болмай ма?» деп, оның еңбегіне жоғары баға бергені залдағы жұрттың бәріне ерекше әсер қалдырды. Бұл ұстаздың шәкіртіне берген шынайы бағасы еді. Сол жылында белгілі ғалымдар да оның жауабына қанағаттанып, Бағдаттың нағыз ғалым екенін мойындады. Мен сол сәттің куәсі болғанымды әрдайым мақтан тұтамын.

Кейін Зәкең Бағдат туралы: «Бағдатқан келгенше қазақ әдебиеті жалаңаш қалып қоя ма деп уайымдайтын едім, енді оның барында бұл салаға сенім мол» деген сөз айтқанын естгенде, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыстың қаншалық терең екенін түсіндім. Бағдат та өз кезегінде ұстазын әкесіндей құрметтеп, әрдайым ізетпен еске алып жүреді. Бүгінде Бағдат Кәрібозұлы – елге танымал ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол тек ғылыммен ғана айналысып қоймай, ұрпақ тәрбиесіне де зор үлес қосып келеді. Қазақ әдебиетінің дамуына, ұлттық руханияттың өркендеуіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Сыр өңірінің ғана емес, бүкіл елдің мақтанышына айналған тұлға.

Отбасында өнегелі әке, жұбайы Салтанат екеуі тәрбиелеп өсірген ұрпағы әке жолын жалғап, ғылымға бет бұрған ізденімпаз жастар. Бұл – әке тәрбиесінің, отбасы берекесінің айқын көрінісі.

Мен үшін Бағдат – тек ғалым емес, бауыр, сырлас, рухани жақын адам. Оның жетістігіне қуану, абыройымен мақтану – біз үшін үлкен бақыт. Ол – Сыр елінің маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі. Алла ғұмырын ұзақ етіп, әлі талай шәкірт тәрбиелеп, елге қызмет ете берсін деген тілек әрдайым жүрегімізде.

Алда келе жатқан 70 жылдық мерейтойы – тек бір адамның емес, тұтас бір дәуірдің, бір әулеттің, бір өңірдің қуанышы. Біз сол қуаныштың куәсі болып, бірге бөлісе берсек екен деймін. Ең бастысы, амандық болсын.

Самұрат ИМАНДОСОВ,
қоғам қайраткері

Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институтының Қызылорда филиалына оқытушылық қызметке келгеннен кейін 1980 жылы ортақ достарымыз арқылы Бағдат Кәрібозұлымен таныстым. Ол Қызылорда педагогика институтында оқытушы екен. Сол бір таныстық уақыт өте келе рухани жақындыққа ұласарын ол кезде кім білген?! Жастық шақтың өзіне тән асқақ арманы болады ғой. Біз де сондай арман жетегінде едік. Ол кезеңдегі ең үлкен рухани құндылығымыз ғылымға ұмтылу, терең білімге жол салу, аспирантураға түсіп, ғылым кандидаты атану еді. Бұл мақсат екеумізді одан сайын жақындастырды. Біз тек әріптес емес, бір бағытта ойлайтын, бір мұратқа ұмтылған жандарға айналдық.



ҒЫЛЫМ мен ҒҰМЫР ҮНДЕСТІГІ

Екі жылдан соң мен Мәскеуге, ол С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне аспирантураға түстік. Оны тәмамдап, кандидаттық диссертация қорғап, туған жерге оралған соң, қайтадан бір арнада тоғыстық. Бұл жолы біз тек оқытушы ғана емес, ұйымдастырушы, басшы ретінде де танылдық.

Екеуміз екі оқу орнында факультет деканының орынбасары, декан қызметтерін қатар атқардық. Бағдат Кәрібозұлы ұзақ жылдар бойы факультетті абыроймен басқарды. Ал мен филиал директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым.

Біздің өмір жолымыз осылайша қатар өрлі. Қуанышы мен қиындығы қатар жүрген қызмет жолында бір-бірімізге тірек болдық, бір-бірімізді толықтырдық. Уақыт өткен сайын түсінгенім – кейбір адамдармен танысу кездейсоқ емес, тағдырдың жазуы. Бағдат Кәрібозұлымен достығым – соның бір дәлелі.

Бүгін арта қарасам, сол бір алғашқы таныстықтан басталған жол тұтас бір дәуірге айналыпты. Уақыт алға жылжыған сайын адам тағдырындағы жауапкершілік те салмақтана түседі екен. 1998 жылы

Ол қызметке кіріскен тұста еліміз жана ғана тәуелсіздік алып, өз бағытын айқындап жатқан кезең еді. Жастар саясаты да жаңаша сипат алып, жаңа мазмұнын толығымен бастаған уақыт. Осындай тарихи сәтте тәрбие жұмысын мемлекеттік бағдарламалармен үйлестіре отырып, жан-жақты жүйелі түрде жүргізе білді.

Сол жылдары университет қабырғасында тәрбие жұмысының тұтас бір жүйесі қалыптасты. Рухани-адамгершілік, патриоттық, зияткерлік, мәдени-эстетикалық, құқықтық, экономикалық және дене тәрбиесі бағыттары өзара сабақтасып, бір арнаға тоғысты. Әрбір студенттің бойында Отанға деген сүйіспеншілік, еңбекқорлық, жауапкершілік, құқықтық сана, салауатты өмір салтына деген көзқарас қалыптастыру басты мақсатқа айналды.

Бағдат Кәрібозұлының бастамасымен сол кезде университетте бұрын-соңды болмаған жаңа құрылым – «Жастар саясаты және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімі» ашылды. Бұл бөлімнің тізгінін педагогика ғылымдарының кандидаты Рабига Тасбергеноқызы Игенбаева ұстады. Рабига Тасбергеноқызы мен Бағдат

Бүгін сол бір кезеңдерді еске алғанда, көз алдыма тынымсыз еңбек, үлкен сенім, биік мақсаттар мен адал достық елестейді. Бірге қызмет атқарған сол жылдар менің өмірімдегі ең бір мазмұнды, ең бір мағыналы кезеңдердің бірі болып қала береді.

Оның еңбек жолына көз жүгірткен сайын, өмірі бір ғана қызметтің немесе бір ғана атақтың шеңберіне сыймайтын, тұтас бір ғылым мен білімге арналған ғұмыр екенін айқын аңғарасым. Өзінің кәсіби жолын жоғары оқу орнында қарапайым оқытушылық қызметтен бастап, доцент, профессор деңгейіне дейін көтеріліп, факультет деканы, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқара жүріп, ғылыми-педагогикалық қызметін әрдайым биік деңгейде ұштастыра білді.

Проректорлық қызметтен кейін Қорқыт ата мұраларын зерттеу орталығына жетекшілік етуі ғылыми жолының заңды жалғасы іспетті. Бұл қызметте де ғылыми жобаларға басшылық жасап, түрлі әлеміне ортақ рухани тұлға Қорқыттың болмысын, философиясын, дүниетанымын жаңа қырынан ашуға күш салды.

Мен оны әрқашан тек ұйымдастырушы басшы ретінде ғана емес, ғылымға шын берілген зерттеуші ретінде таныдым. Ғылыми ізденістерінің өзегі қазақ руханиятының терең тамырларына бойлау еді. Қазақ фольклоры, әдебиет теориясы, ұлттық мәдениет пен руханият, тіл мен әдебиеттің өзара байланысы сияқты іргелі бағыттарды өмірлік мұратына айналдырды. Бұл жай ғана тақырып таңдау емес, ұлттың жады, рухани өзегін таңуға деген талпыныс болатын.

Ол қазақ халқының дәстүрлі мұрасын тек жинақтап қана қойған жоқ, ғылыми тұрғыда саралап, тарихи-мәдени мәнін ашуға ерекше ден қойды. Әрбір зерттеуді халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы, сөз өнерінің құдіреті, рухани сабақтастықтың терең ірімдері көрініс тауып жататын. Оның қаламынан туған ғылыми еңбектер – осының айқын дәлелі.

Ғалымның еңбектері тек ғылыми ортада ғана емес, кең ауқымда жоғары бағаланды. Қазақ фольклорының теориялық мәселелері, ұлттық әдеби мұраны талдау, руханият пен мәдениетке қатысты жазылған мақалалары көптеген оқу орындары мен ғылыми орталарда талқыланып, өз бағасын алды. Бұл оның зерттеулерінің өміршеңдігін, әтектілігін көрсететін белгі еді.

Бағдат Кәрібозұлы тек зерттеуші ғана емес, ұстаз ретінде де үлкен мектеп қалыптастырды. Жас ғалымдарды тәрбиелеп, ұлттық мұраны зерттеудің ғылыми әдіснамасын қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Шәкірттері бүгінде әр салада еңбек етіп, ұстаз жолын жалғастырып келеді. Сонымен қатар, ол қазақ әдебиеті мен мәдениетін халықаралық деңгейде танытуға да айрықша көңіл болды. Бұл – оның ғылымға деген кен көзқарасының, ұлт руханиятын әлемге танытуға деген ұмтылысының көрінісі.

Мен өзім әдебиетші ғалым емеспін, терең ғылыми талдау жасауға да талпынбаймын. Бірақ әріптес әрі дос ретінде Бағдат Кәрібозұлының еңбектеріне әрдайым назар салып отырамын. Біздің әрбір кездесуімізде әңгіме міндетті түрде ғылымға, әдебиетке, руханиятқа ойысатын. Сондай сәттерде оның ой тереңдігіне,

мәселені кеңінен қамти білетін қабілетіне, ғылымға деген адалдығына тағы бір мәрте көз жеткізетінмін.

Бүгінде Бағдат Кәрібозұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына субелі үлес қосқан, өзіндік орны қалыптасқан тұлға. Оның еңбектері өміршең, оның ізденісі – жалғасын тауып жатқан үлкен рухани жол. Ал мен үшін сенімді әріптес, сырлас дос және ғылымға адал қызмет етудің жарқын үлгісі болып қала береді.

Жақында ғана Бағдат Кәрібозұлының жаңа кітаптарының тұсаукесеріне қатысып, оның тұлғалық биігі, рухани қуатын тағы бір мәрте айқын сезінгендей болдым. Ол кеш жай ғана рәсім емес, ұзақ жылдардың табанды еңбегінің, ғылымға деген адалдықтың, руханиятқа деген шексіз сүйіспеншіліктің көрінісі іспетті. Денсаулық жағынан қиындық болса да моймайып, жан серігі Салтанат екеуі қол ұстасып, еңбектің ауыр жүгін бірге көтеріп келе жатқаны ерекше құрметке лайық. Сол сәтте мен олардың төзіміне, өмірге деген құштарлығына, ғылымға деген адалдығына іштей сүйендім.

Біздің арамдылығы әңгімелердің өзге қашанда бір – денсаулық, амандық, тіршіліктің қадірі. Кездескен, телефон арқылы тілдескен сайын бір-бірімізге ең алдымен осыны тілейміз. Менің де жүрегімдегі жалғыз тілек – Алла Бағдат Кәрібозұлына қуат берсін, денсаулығын нығайтсын, ғұмырын ұзартсын деген ақиет.

Өміріндегі ең үлкен бақтың бірі ұлы ұстаз, кеменгер академик Зейнолла Қабдоловтың шәкірті болуы деп ойлаймын. Университет қабырғасында жүрген жылдары сол кісімен талай жүздесіп, бірге отырып, пікір алмасқан сәттеріміз әлі күнге дейін жадымда. Сондай отырыстардың бірінде ағамыздың Бағдат туралы айтқан сөзі есімнен кетпейді: «Бағдат – менің ақ Бағдатым ғой» деген еді. Бұл – үлкен сенім мен ерекше ықыластың белгісі.

Бәкеннің өзі де ұстазы туралы әрдайым зор құрметпен, ерекше ілтипатпен айтып отырады. Ұстазына арнап кітап жазуы – оның рухани сабақтастықты терең сезінетінінің айғағы. Бұл – жас ұрпаққа үлгі, ғылым жолындағы адалдықтың көрінісі.

Жылдар бойы жазылған ғылыми мақалалары, монографиялары бүгінгі ғана емес, келер ұрпақтың да рухани игілігіне айналары сөзсіз. Олар – уақыттан озбайтын, қайта уақыт өткен сайын құны арта түсетін асыл мұра.

Сондықтан жүрек түкпірімінен шығатын тілек біреу: Бағдат Кәрібозұлы аман болсын, денсаулығы мықты болсын, ғылымдағы жолы ұзақ болсын. Оның қаламы талмай, еңбегі жана берсін, шығармашылығы жана биіктерге жете берсін.

Осы орайда, Бәкенді келе жатқан 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Өмірлік серігі Салтанат екеуіне ұрпақтарының қызыған бірге көруді, шаңырақ шаттығын тілеймін. Алла нәсіп етсе, алдағы уақытта да жақсы күндерде жүздесіп, Айнұр бастаған қыздарының, немерелерінің қызығын көріп, солардың ортасында бақытты ғұмыр кешің деген ақ тілегімді білдіремін.

Қылышбай БИСЕНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор



облыс орталығындағы екі жоғары оқу орны қосылып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болды. Мен жаналаң құрылған университеттің ректоры қызметіне тағайындалдым. Бұл жай ғана қызмет емес, тұтас бір ұжымның, жана білім ордасының тағдырын мойнына алу деген сөз еді. Дәл сол уақытта Бағдат Кәрібозұлы университет қабырғасында факультет деканы болып еңбек етіп жүрген болатын.

Алғашқы күндерден-ақ алдымызда үлкен мақсат тұрды. Ол – екі бөлек оқу орнын біріктіріп, оларды біртұтас ғылым мен білімнің, парасат пен руханияттың ордасына айналдыру. Бұл оңай шаруа емес еді. Уақытпен санаспай, күндіз-түні тынымсыз еңбек еттік. Сол жолда екеуміз иық тіресе жұмыс атқардық. Оның табандылығы мен жауапкершілігі, іске деген адалдығы сол кездің өзінде айқын көрініп тұратын.

Көп ұзамай оның іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп, тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор қызметіне ұсындым. Бұл үлкен сенім, әрі зор жауапкершілік еді. Бағдат Кәрібозұлы осы міндетті де абыроймен атқарды. Әсіресе студент-жастарға деген шынайы жана-шырылығы, олардың болашағына алаңдай білетін қасиеті оны өзгелерден даралап тұратын.

Кәрібозұлы тізе қоса отырып, тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтерді. Соның нәтижесінде факультеттер мен кафедралар деңгейінде жүйелі тәрбие сағаттары өткізіліп, студенттік орта қалыптасып, жастардың рухани әлемі байи түсті.

Сол жылдардағы әрбір кездесу, әрбір мәдени шара, әрбір пікірталас пен тәрбие сағаты студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, азаматтық ұстанымын нығайтуға қызмет етті. Осы жұмыстар тек сол кезеңнің жемісі болып қалмай, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан игі дәстүрдің негізін қалады.

Бұл қызметтегі еңбегі көзге көрінетін нәтижесімен ғана емес, уақыт сынынан өткен тағылыммен құнды. Ол қалыптастырған жүйе, енгізген қағидаттар бүгінгі жастар тәрбиесінде әлі де маңызы жоғалтқан жоқ.

Ал оның ғылыми-педагогикалық жолына келсек, өз алдына бір үлкен белес. Жылдар өте келе тек білікті ұстаз ғана емес, елге танымал ірі ғалым ретінде қалыптасты. Филология ғылымдарының докторы, профессор дәрежесіне жетіп, қазақ әдебиеті, фольклортану салаларында субелі еңбектер жазды. Оның ғылыми еңбектері – ұлттық руханияттың алтын қорына қосылған қомақты үлес.

ӨНЕГЕ мен ПАРАСАТ ҮЛГІСІ

Биыл біздің мектептен түлеп ұшқанымызға да 40 жыл өтті. Арамыздан бесуіміз ұстаздық жолды таңдаған екенбіз. Балғын жүрегіміздің бұл таңдауына ықпал еткен бір ғажап адам бар. Ол – сынып жетекшіміз, жанашыр апайымыз, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, жаны жайсаң, бала жанды асыл адам.



Уақыт зымырап өтсе де, жүректе сақталған сол ұстаз бейнесі бағығ қалпында. Біз әрдайым оқушы кезімізді сөз еткенде, мақтанышып, сүйсіне, сағынышып бірінші еске алатын мұғаліміміз – Ұлтай апай!

Ол кезде отыздың асуына енді ғана жеткен, жастық жігері мен білімге деген құштарлығы бойынан көрініп тұрған жас маман еді. Алғашқы күннен-ақ жанына жақын тарта сөйлеп, бірден бәрімізді баурап алды. Сыныптағы барлық қыз отан еліктігін. Кімнің кінәсі, жүріс-тұрысы – бәрі-бәрі ерекше, нағыз ұстазға тән парасат пен сымбаттың үлгісіндей көрінетін. Біз үшін апай тек мұғалім емес, өнеге мектебі еді.

Ұлтай апай мұғалімге тән қатал болғанымен, өте әділ, ақынжанды еді. Сабақ түсіндіргенде, әр сөзі жанды бейнеге айналып, өзімізді сол шығарманың ішінде жүргендей, бәрімізді ұйытып алып кететін. Мұғалімнің айтқаны – біз үшін заң. Әр тапсырманы мұлтсыз орындауға тырысатынбыз.

Тәрбие сағаттарын да ерекше әсерлі, мазмұнды етіп өткізетін. Түрлі маман иелерін шақырып, олардың өмір жолы мен жетістіктерін таныстырып, бізге бағыт-бағдар беретін.

Мен де сабаққа белсенді қатысып, жақсы оқыдым. Тағы бір ерекше қасиеті – еңбек-қорлық, табандылық, адамгершілік, адалдық пен биік парасаттылық. Біз оны оқушы ретінде шын жүректен жақсы көрдік, әрдайым құрмет тұттық.

Жоғары оқу орнына түскеннен кейін де, ауылға барған сайын сәлем беруді өзімізге парыз санадық. Себебі жаны ізгілікке тұнған Ұлтай апайымыз – туған анамыздай жанымызға жақын, жанашыр, сырлас дос, ақылшымыз. Әлі күнге дейін алдында өзімізді сол бағығ оқушыдай сезінеміз. Себебі Ұлтай апайымыз – балғын балалық шағымызда әрқайсымыздың жүрегімізге жол тауып, ұстазға тән мейіріммен қамқор болып, өмірлік мақсатқа жетуде шабыт сыйлай білген көрсен ұстаз.

Қандай жетістікке жетсем де, сол табыстарымның төрінде ұстазымның еңбегі жата-тынына бек сенімдімін.

Ғани БЕЙСЕМБАЕВ,
ғалым,
ұстаз, шәкірті

Жас ұрпақтың болашағына жол ашатын қасиетті білім ордасы. Е.Көшербаев атындағы №57 орта мектебінде білім мен тәрбие егіз ұғым ретінде қатар өріліп келеді. Күн сайын шәкірттердің шат күлкісі, ұстаздардың қажырлы еңбегі мен ізденісі тоғысып, мазмұнды тіршілік жалғасуда. Әр адамның жүрегіне ерекше орын алатын қастерлі мекені – ол балалық шағы өткен, білім нәрімен сусындап, үлкен өмірге жолдама алған алтын ұя мектебі. Мен үшін сондай қасиетті орда – Е.Көшербаев атындағы №57 орта мектебі.

Бұл мектеп – тек білім алған орным ғана емес, өмірлік бағыт-бағдарымды айқындаған, тұла бойып қалыптасуыма ықпал еткен киелі шаңырақ. Осында алғашқы жетістіктеріме жетіп, ұстаздарымнан тәлім алдым, шынайы достар таптым. Ұстаздарымның әрбір айтқан ақылы, көрсеткен үлгісі бүгінде кәсіби жолымда бағдаршам іспетті. Бүгінгі тақырып өз мектебіміз тынысы, оның жетістігі мен ертеңгі үміті туралы болмақ.

Қазіргі мектеп тынысы тарих пен табыстың тұғырымен ұштасқан. Өнегелі білім мен тәрбиенің алтын ұясына айналған, ғасырға жуық тарихы бар, бүгінгі берекелі, келешегі кемел білім ордасының 90 жылдық мерейтойы атап өтілді. Бұл тек бір мектептің мерекесі емес, тұтас ауылдың, талай ұрпақтың, жүздеген түлектің ортақ қуанышы болды.

Мерекелік шара жоғары деңгейде өтіп, мектептің тарихы, жеткен жетістіктері кеңінен насихатталды. Ардагер-ұстаздарға құрмет көрсетіліп, білім мен тәрбие саласына сүбелі үлес қосқан азаматтарға Алғыс хаттар табысталды. Түлектер туған мектебіне тағзым етіп, ізгі тілектерін білдірді. Өнерлі өрендер ән мен жырдан пашу шашып, мектеп шежіресін айшықтайтын мазмұнды көріністер қойылды. Тарих терең, тағлымы мол білім ордасының 90 жылдық мерейтойы өткенге тағзым, бүгінге мақтаныш, болашаққа нық қадам екенін айқын көрсетті.

Білім ордасының тарихы 1934 жылы төрт жылдық бастауыш мектеп болып ашылуымен басталады. 1933 жылғы Орталық комитеттің селолық жерлерде білім беру туралы қаулысына сәйкес алғашқы қадам жасалып, ауыл балаларына білім сәулесі шашылды.

1996 жылдың 12 шілдесінде Үкімет қаулысына сәйкес мектепке мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаев есімі берілді. Бұл білім ордасының мәртебесін арттырып, тарихи жауапкершілігін күшейткен маңызды шешім болды. Бүгінде мектеп жанындағы мемориалды музей жас ұрпаққа өлкетану бағытында тағалымды тәрбие беріп келеді.

Қазір мектепте 491 оқушы тәлім-тәрбие алады. Жыл сайын 500-ден астам оқушыға есігін айқара ашатын білім ордасында 64 педагог қызмет етеді. Оның 1-еуі педагог-шебер, 5-еуі педагог-зерттеуші, 21-і педагог-сарапшы, 25-і педагог-модератор. Мектеп осы уақытқа дейін 2 күміс медаль, 20 «Алтын белгі», 9 ерекше аттестат иесін түлетіп ұшырды.

Оқушылардың жетістіктері мен ұстаздардың жемісті еңбегі туралы №57 News онлайн ұнарағы жүйелі жұмыс жасап, мектеп өмірінің айнасына айналдырып отыр. Бұл ақпараттық алаңда білім мен тәрбие саласындағы жаңалықтар, байқау мен олимпиада жеңімпаздары, шы-

ғармашылық және спорттық жетістіктер тұрақты жарияланып келеді. Үнпарақ мектеп пен ата-ана, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс көпірі қызметін атқарып, ортақ мақтаныштарды көпшілікке паш етуде.

Мектеп тарихының жазба шежіресін жаңғырту мақсатында «Сан қыранды самғатқан алтын ұя» атты кітап та жарық көріп үлгерді. Кітапта білім ордасының қалыптасу кезеңдері, жетістіктері мен түлектер тағдыры кеңінен қамтылды. Бұл ұрпақтар сабақтастығын айқындайтын құнды мұра екені айқын.

Сондай-ақ мектеп қабырғасында мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевқа арналған музей жұмыс істейді. Онда тарихи құжаттар, фотосуреттер мен құнды жәдігерлер жинақталған. Бұл тағалымды орын жас ұрпаққа елжандылық пен отансүйгіштік рух дарытып, тарихи тұлғаның өмір жолы өнеге етеді. Осындай игі бастамалар арқылы Е.Көшербаев атындағы №57 орта мектебі өткенін ұлықтап, бүгінгі баянды етіп, болашаққа нық қадам басып келеді.

Білім шыңындағы жеңістер мен жетістіктер де жетерлік. Мектеп ұжымы үшін білім даларындағы әрбір жетістік – үлкен мәртебе. Жыл сайынғы зияткерлік жарыстар, білім олимпиадалары мен ғылыми жобалардан оқушыларымыз жүлделі орындарды тұрақты еншілеп келеді. Шәкірттер белсенділігімен аудан, облыс көлемінде ерекшеленіп отыр. 2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсында «Өлкетану» секциясы бойынша Данағұл Нұралы облыс намысын абыроймен қорғап, III орын иеленді. 9-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиаданың

АЛТЫН ҰЯНЫҢ АСҚАҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ



да ұйымдастырылған «IQanab» олимпиадасының екі кезеңінен сәтті өткен Нұралы Нұрасыл республикалық деңгейде жүлделер атанып, IQ IP-I Qanab High School of Burabay-дың ұсын- нысымен білім грантын жеңіп алды. 2023-2024 оқу жылында өткен «IQanab» олимпиадасының финалисі, қазіргі таңда «IQanab» менторы 10 «А» сынып оқушысы Гүлсезім Баймырзаева, 2024-2025 оқу жылында өткен «IQanab» олимпиадасының жеңімпазы атанған грант иегері Нұрдаулет Базарбаев, «IQanab» олимпиадасының финалистері Айзере Жарылқапова, Жәніл Мырзаханова мектеп мақтаныштары атанды.

Жетістіктер жалғасын тапты. 2025-2026 оқу жылында да шәкірттердің табанды еңбегі мен ұстаздардың тынымсыз ізденісі жарқын нәтижесін көрсетті. Аудандық пән олимпиадасының II кезеңі қорытындысы бойынша мектебіміздің 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары жүлделі орындарға ие болып, Алғыс хаттармен марапатталды. Әсіресе, биология, физика, қазақ тілі мен әдебиеті, география, тарих пәндері бойынша жоғары нәтижелер – білім сапасының айқын дәлелі. Облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Сыр лигасы» жобасы аясында «Жігіт сұлтан-2025» байқауының облыстық кезеңінде №57 орта мектебінің «Қыран» командасы жүлделі II орынды жеңіп алды.

Бұл жетістіктер – жүйелі дайындықтың, ұстаз бен шәкірт арасындағы тығыз байланыстың, мақсатқа деген ұмтылыстың жемісі. Әрбір жеңіс – мектеп абыройын асқақтатып қана қоймай, өзге оқушыларға үлгі, болашаққа сенім береді. Білім саласындағы жетістіктерімізбен қатар, спорттағы табыстар да еріксіз назар аудар- тары сөзсіз. Мектепте түрлі бағыттағы үйірмелер жұмыс

жасап, оқушылардың шығармашылыққа, спортқа деген қызығушылығын арттыруда. Қол күрестен ҚР чемпионаты алдындағы облыстық іріктеу турнирінде 9-сынып оқушысы Айзере Темірбек II орын иеленіп, республикалық чемпионатқа жолдама алды. Гір тасын көтеруден облыс біріншілігінде 10-сынып оқушылары Батырхан Балтабекұлы, Еркеназым Ернатқызы I орын, Расул Кеулімжаев II орын, республикалық турнирге жолдама иеленді. Еркін күрестен республикалық турнирде 6-сынып оқушылары Шығыс Рүстемов I орын, Жомарт Секенбаев және Нұрқанат Ақмырзаев II орын, Нұрслам Құрақбаев III орынды қанжыға байлады. Асық атудан республикалық чемпионатта 5-сынып оқушысы Ақылжан Қазбекұлы II орын иеленді. Облыстық іріктеу кезеңінде 5-6 сынып оқушылары Қ.Жақсанов, Д.Әбжәмиев, Е.Сауренов, Н.Қуатжанұлы III орын алды. Жеңіл атлетикадан 5-6 сынып оқушылары облыстық іріктеуде I орынға шығып, республикалық чемпионатта ептілік көрсетті.

Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы», «Дебат», «Мектеп театры» жобалары нәтижесі алдыңғы қатардан көрініп келеді. Жалпы білім беру ұйымдарының 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген облыстық пікірталас турниріне қатысып, «Ең мақсаты айқын ойыншы» номинациясын жеңіп алды. Ұстаздар қауымы білім мен спорттағы белсенділікті қолдап, шәкірттердің дарынын ұштауды жалғастыруда.

Мектебіміз заман талабына сай дамып келеді. Биология, физика, химия кабинеттері заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталып, оқушылардың тәжірибелік дағдысын дамытуға мүмкіндік жасалды. Жаңартылған оқу ортасы – шәкірттердің сапалы білім алуына, жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылығын күшейтуге арналған керемет мүмкіндік. Мектеп тынысы – тек сабақ үдерісі ғана емес, ол – өнер мен спорттың, ізгілік пен бірліктің мекені. Осындай берекелі ортада тәрбиеленген шәкірттер ел болашағының сенімді тірегі болары сөзсіз.

Бүгінгі күнгі мектептің жетістіктері басшылықтың жүйелі жұмысының нәтижесі деп білемін. Ұжымды бір мақсатқа жұмылдырған мектеп директоры Надежда Жұмаханқызы Әбішева білім мен тәрбиенің биік белестерін бағындыру жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Е.Көшербаев атындағы №57 орта мектебі бірлігі бекем, мақсаты айқын, болашағы нық білім ордасына айналды. Ортақ іске жұмылуға әр педагогтың әлеуетін ашуға, әр оқушының кабинетін дамытуға жасалған жанашырлық бен табанды еңбек өз нәтижесін берері анық.

Мен үшін мектебім – өткенімнің естелігі ғана емес, бүгінгі еңбегімнің ордасы, болашағымның бір бөлшегі. Мектеп абыройын асқақтай берсін! Шәкірттері білімді, ұстаздары мәртебелі болсын!

С.ДӨРМЕНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

ЖОБА

2026 жылға арналған аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

«Аквашаруашылық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2) тармақшасына, «Аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 1 қарашадағы №412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 37320 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **КАУ.Ы.Ы.ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026 жылға арналған аквашару (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіткен.
- Осы қаулының орындануын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **М.Ергешбаев**

2026 жылғы « » _____ № _____ қаулысына қосымша

2026 жылға арналған аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері

№	Субсидия түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидия- ланатын көлем	Субсидия- лар сомасы, теңге
1	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқы тұқымдас балықтар және олардың буландыры	килограмм	2 562,5	2 625 000
2	Балық өсіру материалын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқы тұқымдас балықтар және олардың буландыры	дана	535 000	7 850 000
3	Балық өсіру – биологиялық негіздеме сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар	дана	1	26 000
4	Дәрілік препараттарды сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар	килограмм	840	200 000
Барлығы				10 701 000

Хабарландыру

«Қызылорда облысы аумағында өсетін жалаңаш мияның (GLYCYRRHIZA GLABRA L.) тауарлық алқаптарын ресурстық зерттеу жүргізудің биологиялық негіздемесі» жобасына жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жобалық құжаттама материалдары ndbecology.gov.kz порталында қолжетімді болып, ескертудер мен ұсыныстар 25.05.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде қабылданады, тел.: 87773804595, assetay_orazalin@mail.ru. Географиялық координаттары: 43°54'41", 67°14'58".

Бастамашы: «СЕЙІТБЕК ӘУЛЕТ» ЖШС, мекен-жайы: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт а., Қазығұрт көшесі, 45, БСН 000340007823.

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62

Объявление

Проводятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Биологическое обоснование на ресурсное обследование промысловых зарослей солодки голой (GLYCYRRHIZA GLABRA L.), произрастающей на территории Кызылординской области». Географические координаты: 43°54'41", 67°14'58".

Инициатор: ТОО «СЕЙІТБЕК ӘУЛЕТ», адрес: Туркестанская область, Казыгуртский район, с.Казыгурт, ул. Казыгурт, 45, БИН 000340007823.

Проектная документация доступна на портале ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 25.05.2026 года в течение 10-ти рабочих дней, тел.: 87773804595, assetay_orazalin@mail.ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, ул.Бейбарыс Сұлтан, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Жарамсыз деп есептелсін

Тудебаев Тукен Турановичтің атына Қызылорда облысы Полиция департаментінің 03.04.2024 жылы берілген №3554 зейнеткерлік күзлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

АНАМНЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

«Өмірі біреулердің болған қайғы, Біреу жырын жалғайды жалған жайлы. Әйтеуір мен сенемін тіршілікте, Адамдар арман қуған алданбайды!»

Бұл – арманға алданбай, арзан атаққа жалданбай жалғаннан жарқырап өткен Шарбану Рахманбердіқызы туралы бір ауыз сөз. Расында қасиетті топырақтың тумасы қай сұрлеумен жүрсе де, қандай қызмет етсе де, адамдық атын асқақ ұстады. Әсілі, терең өзен тынып ағары, тынып ағары белгілі. Шарбану Рахманбердіқызы айналасына зілі жоқ, жайдары жан еді.

Пайым-парасаты мен рухани өресі биік болмыс иесі қарапайым қалыбынан ешқашан айныған емес. Бұл тектілігінің нышаны болса керек-ті.

Шарбану Рахманбердіқызы – өмір мектебінің сан сынағынан сүрінбей өтіп, адамгершіліктің алтын тұғырында тұрақтап қалған жан. Елу бірінші жылдың қасат қарлы қантарында дүние дидарын ашқан ол, ес білген шағынан-ақ еңбекке етене араласты. 1965 жылы Қызылорда қаласындағы Гоголь атындағы педагогикалық институтқа оқуға түсіп, «Химия және биология пәндерінің мұғалімі» мамандығын меңгеріп шықты. Салалық сатысын Жетікөл совхозындағы Макаренко атындағы №174 мектепте ұстаз болып бастады және комсомол комитетінің хатшысы да болды. Парасат орда-сындағы қызметінде Шарбанудың біліктілігі мен білімі, даналығы мен даралығы талайды тәнті етті. Себебі ол бес күн жалған тіршілікте кісіліктің жейдесін кірлетпеді, адамгершіліктің ақ туын жықпады. Осы қалпында айналасына айрықша қадірлі болды. Елмен бірге мерейі асып, мейманасы тасып отырған әр мезетінде Тәңірге тәубесін айтудан жанынған жоқ.

Шарбану Рахманбердіқызы ғұмыр дәуренінде қазыналы халқын сыйлап, сыйлы болды. Табанды тұлғаны комсомолдық жолдамамен 1977 жылы шаруасы шатқаяқтап тұрған балабақшаға менгеруші етіп жіберді. Ол ұзақ жыл еңбек еткен балабақша ісінің нәзік тұсы, қырқаптары көп еді. Дегенмен кере-ғарлық кезендерді көрегенділігімен



енсерді. Өзіне жүктелген міндеттің ауырлығын армен, салмағын сана-мын көтере білді.

Тоқсаныншы жылдардың тоқы-рауында Шарбану анамыз шағын және орта бизнестің шабысына шап-шандық бітірді. Аудан орталығынан жеке балабақшасын ашып, тәрбие жұмыстарының ілгерілеуіне ілкімді үлес қосты. Бөбекжайда облыстық, республикалық деңгейдегі семинар-лар ұйымдастырып, ортасынан оқ бойы озық екенін көрсетті.

Ақ ниетті адамның жолы ашық. Шарбану анамыз өмірлік жолында жақсы адамдарға жолықты, жақсы адамдардың жанашырлығын сезінді. Оның өмірлік жолдасы Рүстем әкеміз осы сөзіміздің көрсеткішіндей көрінеді.

Олардың отбасында ата алдында аласа, ар алдында биік ұрпақ өсіп келеді. Себебі, мұнда тәулік бойына тәрбие көзі тамырымен сырғып оты-рады. Тағалымның алтын тіні Рүс-тем әкеміз бен Шарбану анамыз болды. Отбасының ұлы мен қы-зы сүйікті мамандығын игеріп, ел игілігі үшін қызмет атқаруы.

Иә, «балам – барым, немерем – жаным» деген адам үшін тәлімді тәрбиенің текке кетпегені осыдан-ақ көрініп тұр емес пе? Бақсақ, қазақы қасиет пен өнегелі өсиеттің өзегіне айналып, тамырын тереңге жайған отбасының жақұты осы кісі болған-ды.

Қайран өмір!.. Зымырап өтіп, қай тұстан тоқтары беймәлім. Жақсы адамның жанымыздан кеткеніне бір жылдай уақыт ауыпты. Қайсар

жан демі үзілгенше отбасымен, достарымен етене болды. Бұл маман-дыққа, тәтір берген адамдыққа адалдығы еді!

Даладай көңілімен үлкен-кішіге сыйлы аңаны арамыздан кетті дегенге әлі сенгізім жоқ. Оның бейнесі жалдымды жаңғырып тұр. Бауырға қалқан, достыққа дарқан болғаны ойымыздан өшпейтіні анық. Дегенмен, Жаратқанның жазуына дау айта алмаймыз. Артында ізін жалғайтын ұлағатты ұрпағы, дегдар достары барда біртұар тұлғаның би-гі аласармаса керек. Рухани әлемі бай қайсар жан гибратты өмір кешті. Бұл екінің біріне, егіздің сынарына бұйырмайтын – тағдыр бағы.

Бар нәрсеге қарасақ та бағынышып, Сыртқа қарап жүреміз жанып іштен. Еске аламыз өмірден қайтып кеткен, Шарбанудай анамызды сағынышып.

Сағыныштан сарғайса да жанымыз, Біздер үшін болған адам бағымыз.

Жаратушым қабыл алып дұғамызды, Жәннат бақта шалқынсың, ана жаныңыз!

Еске алушылар: **қызы Жұмағұлова Шолпан Рүстемқызы, күйеу баласы және жиені**

/// ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ – 90

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘДЕБИЕТ ӨКІЛІ



Әлем таныған әдебиет өкілі, «Еңбек Қызыл Ту», «Отан», I дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, Қазақстанның Еңбек Ері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов биыл 90 жаста.

Алматы қаласының тумасы Олжас Омарұлы – жастайынан білім жолына түсіп, саналы жұмырын жыр жазуға, әдебиетті зерттеуге, тарихи, қоғамдық-саяси мәселелерді терең талдауға арнаған қаламгер. Деректерге сүйенсек, «Қазақстанская правда» газетінде, «Қазақфильм» киностудиясында, «Простор» журналында қызмет атқарып қаламы қалыптасқан ол әдебиет ісіне 1955-1960 жылдардан бастап араласқан екен. Ал 1971-1981 жылдар аралығында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметін атқарды. Қазақ КСР, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды.

Ақын Олжас Сүлейменовті Кеңес одағы көлеміне танымал еткен 1962 жылдың 11 сәуірінде Ю.Гагариннің ғарышқа ұшуы алдында жазылған «Адамға табын, жер енді» өлеңі болатын. Қоғамдағы айтулы саяси оқиғаны арқау еткен жыр жолдары іле-шала ел ішінде, одан әрі әлемге кеңінен таралып кетті. Бұл өлеңі кейіннен поэмаға айналды. Ол – әдебиетпен бірге қоғамдық-саяси өмірге өте ықпалды тұлғалардың бірі. Соның айқын көрінісі, 1975 жылы «Аз и Я» кітабы жарық көріп, түркі және славян халықтарының ежелгі ескерткіштерін зерттей келіп, тереңде жатқан жетік байланысты ашып көрсеткен туынды әлем назарын аударған еді. Әйтсе де кітап шыққан бойда қысымға ұшырап, бүкіл кітапханалардан жойылды.

Ал ақынға бірнеше жыл бойы баспаға материал өткізуіне қатаң тыйым салды. Тек еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін «Аз и Я» кітабы қайта басылды.

Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я», «Қыш кітап» сынды атақты шығармаларымен қатар, қоғамдағы азаматтық болмысы үшін халық құрметтейді. Айталық, ол 1980-1991 жылдар аралығында Қазақ КСР, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған кезінде халық сенімін жоймаймен ақтай білді. Оның азаматтығының айқын бір көрінісі – 1989 жылы «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысының басында жүріп, Семей қаласындағы ядролық қаруды сынайтын полигонды жабуды талап етуі әрі соған қол жеткізді, сынақ алаңы жабылды.

Көрнекті қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 90 жасқа толуына орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Әлемдік тұлға» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Жиынға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Тастанбек Сәтбай, жазушы-эколог, «Парасат» орденінің иегері Сайлау-Бағдат Жұбатырұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға

Есімсейітова, өлкетанушы, инженер-гидротехник Әлібек Сабырбаев, ардагер журналист Қайырбек Мырзахметұлы, «Ақмешіт ақшамы» газетінің редакторы Сәрсенкүл Бихожа, ақын, «Ақмешіт апталығы» газетінің бөлім басшысы Гауһар Қожахметова, сондай-ақ «Өркеніет» медицина колледжі мен М.Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық-IT жоғары колледжінің студенттері және кітапхана оқырмандары қатысты. Жиын мен шығармашылығын Сапар Көзейбаев жүргізді.

Әдеби мазмұнды іс-шара аясында ақын Олжас Сүлейменовтің айтулы шығармаларымен қатар, қоғамдағы тұрақтылық пен ұлттаралық татулықты, бейбітшілік пен достықты қадірлеуге үндейтін еңбектері туралы айтылды. Ақын өлеңдері оқылды.

Алғашқы сөз кезегін алған тарих ғылымдарының докторы Тастанбек Сәтбай ақын Олжас Сүлейменовтің өмірі мен шығармашылығын тұрақты зерттеп келеді.

– Олжас 10-12 жасында Толстойдың 12 томдығын оқып бітірген. Жазыратыны жоқ, қазір Толстойдың кім екенін білмейтін магистранттар бар. Оның «Аз и Я» кітабы жарыққа шыққанда үлкен дүмпу болған.

Менің кандидаттық диссертациямның тақырыбы 1946-1970 жылдар аралығында Қазақстандағы шығармашылық одақтарының қызметі туралы болатын. Осы зерттеу жұмысымын барысында сол уақыттағы ірі басылымдардан Олжас Омарұлының сөйлеген сөздерін кездестіріп, таңғалдым. Ол заманда өкімет саясатына қарсы пікір айту деген ойын

түгілі, түсіне кірмейтін жағдай. Ал қаламгер Олжас өз шығармасында «Совет адамы» дегенге қарсы шығады, – дейді ғалым. Сондай-ақ сөзінің барысында бала Олжастың дүниетанымының қалыптасуында екінші әкесі Әбдуәли Қарағұлов («Жетісу» газетінің редакторы болған), сонымен қатар, Ағжан Машани, Әлкей Марғұлан сынды ғұлама ғалымдар үлкен рөл атқарғанын атап өтті.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сайлаубай Жұбатырұлы қаламгер Олжас Сүлейменовпен жүздескен сәттерін әсерлі әңгімелеп, оның ой-пайымының, ақыл-парасатының өзгеше екеніне назар аударды.

– Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы өте терең, қай жағынан бойларыңды білмейсің. Әсіресе, сол кеңестік заманда Мәскеудің төрінен қазақтың дауысы шыққаны біз үшін ерекше әсер еткен еді. Ал 1975 жылы жарыққа шыққан «Аз и Я» оның ақындық, азаматтық, тіпті ғалымдық тұлғасын шырқау биікке көтерді. Осы туындыны өкімет тәркілеп, сол кездегі идеология саласының басшылары оны құртып жіберуге дейін әрекет жасалды. Кітапхана сөрелерінен түгел алдырып тастаса да, жүрт сол кітапты іздеп жүріп тауып оқыды. Өйткені Олжаста бөлек көзқарас болды. Соған сәйкес өзінің диттеген мақсатына жетті деуге болады. Бір жағы осы жолда сонша энергиясын жұмсады, соның өзінде жете алмай жатқан жерлері де бар. Әрине, оған уақыт әмірші екенін білеміз.

Ол кісінің өзгелерден ерекшелігі, қолына алған тақырыбын түп-тамырынан қазып, түгел зерттеуге көңіл қояды. Бір сөзбен айтқанда, Олжас Сүлейменов – бірегей қолтаңбасымен әлемді мойындатқан қаламгер! – деді ол.

Өз кезегінде Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, өлкетанушы Әлібек Сабырбаев, «Ақмешіт ақшамы» газетінің редакторы Сәрсенкүл Бихожа сөз алып, қалам иесінің өмірі мен шығармашылығына қатысты ой-пайымдарын ортаға салып, әсіресе, жас ұрпақ үшін осындай танымдық іс-шаралардың маңызы зор екенін атап өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



БОКС

ТАШКЕНТТЕ ТОП ЖАРҒАН СЫР ЖАСТАРЫ

Ташкент қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында Қызылорда облысының жас былғары қолғап шеберлері ел мерейін үстем етті. Байрақты баскезде Сыр спортшылары жоғары деңгейдегі шеберлік көрсетіп, жүлделі орындардан көрінді.

70 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Аян Бауыржан финалдық кездесуде өзбекстандық Улмасбек Сатимовпен қолғап түйістірді. Тартысты өткен жекпе-жекте қазақстандық боксшы айқын басымдық танытып, қарсыласын техникалық нокаутпен жеңді. Осылайша, Аян құрлық досының чемпионы атанып, Қазақстан қоржынына алтын медаль салды.

Қыздар арасында өнер көрсеткен Диана Менді-гараева да жанкүйер сенімін ақтады. 15 жасқа дейінгі санатта, 40 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған жас спортшы қарсыласымен лайықты айқас өткізіп, Азия чемпионатының қола жүлдесін иеленді.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

БОЗКІЛЕМДЕ ҚАРСЫЛАС ШАҚ КЕЛМЕДІ

Алматы қаласында өткен грек-рим күресінен Қазақстан кубогында Қызылорда облысының балуандары табысты өнер көрсетті. Әлем чемпионы Айдос Сұлтанғали 60 келі салмақта жоғары шеберлігімен көзге түсті.

Финалда Алматы облысының өкілі Ербол Камалиевпен белдескен қызылордалық балуан сенімді бастады. Алдымен жамбас арқылы әдіс жасап, 2 ұпай еңгіледі. Кейін қарсыласының еңжаз күресі үшін тағы 2 ұпай алып, бірінші кезең аяқталмай жатып кездесуді мерзімінен бұрын жеңіспен түйіндеді. Осылайша, Айдос Қазақстан кубогының чемпионы атанды.

Сонымен қатар, 55 келі салмақта Дастанбек Алпамыс, 130 келіде Сырбайбай Олжас қарсыласынан басым түсіп, Қазақстан кубогының жеңімпаздары атанды.

ТАЕКВОНДО

ТАТАМИДЕГІ ЖАРҚЫН БЕЛЕС

Өскемен қаласында өткен WT таеквондодан жасөспірімдер арасындағы КР чемпионатында Қызылорда облысының спортшысы Әбіл-Мансұр Шаншархан жоғары нәтиже көрсетті. 61 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған жас таеквондошы барлық қарсыласынан басым түсіп, ел чемпионатының алтын жүлдесін жеңіп алды.

АУЫР АТЛЕТИКА

ЗІЛТЕМІРДЕ ЖІГЕР ЖЕҢДІ

Талдықорған қаласында өтіп жатқан ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасындағы КР чемпионатында Сыр өңірінің спортшылары жүлделі орындардан көрінді.

Әйелдер табында 69 келі салмақ дәрежесінде сынаға түскен Алтынай Тәңірбергенова жүлқа көтеруде 80 келі, серпе көтеруде 108 келіні бағындырып, қосайыс қорытындысы бойынша ел чемпионатының қола жүлдесін иеленді. Ал чемпионаттың үшінші жарыс күнінде ерлер арасында 71 келі салмақта өнер көрсеткен Әли Мелетбаев та табысты нәтиже көрсетті. Қызылордалық зилтемірші жүлқа көтеруде 121 келі, серпе көтеруде 156 келіні еңсеріп, 277 келі нәтижемен Қазақстан чемпионатының қола медалін жеңіп алды.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Оның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Қоғамда түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – жемқорлық. Елімізде арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ жемқорлықтың толық шешімі табылған жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күні күрделі мәселесі болып отыр. Ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қай-

сысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюын құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын

арттыру керек. Жұртшылық өзінің құқықтарын, өзіне қарсы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл жасаудың нақты жолдарын толық білуі қажет.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірінші жапшы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық саласында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету,

қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту – бүгінгі күндегі басты мақсат. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстан Республикасы азаматтарының борышы деп білу керек.

Б. ҚАЛДЫБЕКОВ,
КР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының бас маманы

/// ЖӘДІГЕР

КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН ҚҰРАЛ

Музей қорын толықтыруда экспонаттар мен жәдігерлер екі бағытта қабылданады. Құнды дүниелер негізгі қор есебіне қабылдана, экспозиция және көрме құруға көмекші құрал ретінде пайдаланатын жәдігерлер ғылыми көмекші қорға тіркеледі.

Солардың бірі – қайрақ. Қарапайым ғана көрінгенмен, қайрақ – күнделікті өмірде аса қажет болған, шеберлік пен ұқыптылықтың белгісіндей құрал. Ол тек темірді өткірлеу үшін ғана емес, адамның еңбекке деген жауапкершілігін де айқындайтын бұйым ретінде бағаланған.

Осындай шаралардың бірінде Қармақшы ауданының тұрғыны Аққозы Қоңиретов музейге сый ретінде үйінде сақтаулы тұрған қол қайрақты тапсырды.

Қайрақ – адамзат тарихындағы ең көне құралдардың бірі. Оның пайда болуы темір дәуірімен тығыз байланысты. Археологиялық деректерге сүйенсек, алғашқы қайрақтар б.з.д. I мыңжылдықта, яғни темір құралдар кезінен қолданыла бастаған кезеңде пайда болған. Ал қазақ даласында қайрақты пайдалану дәстүрі орта ғасырлардан бастап кен тараған.

Әсіресе XV-XIX ғасырлар

аралығында қайрақ тұрмыста жиі қолданылған. Бұл кезеңде қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысып, күнделікті өмірде пышақ, орақ, шалғы, балта сияқты құралдарды көп пайдаланған. Осындай құралдарды үнемі өткір күйде ұстау үшін қайрақтың ролі зор.

Кейінірек, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қолмен айналатын қайрақ түрлері пайда болды. Бұл нұсқасы әлдеқайда ыңғайлы әрі тиімді болды. Ағаштан жасалған қондырғыға орнатылған тас немесе темір диск арнайы тұтқа арқылы айналдырылып, құралдарды тез әрі сапалы қайрауға мүмкіндік берген.

Қайрақтың негізгі бөлігі – қайрақ тас. Бұл тас әдетте қатты жыныстардан, мысалы, құмтас немесе арнайы минералдардан жасалған. Оның беті тегіс әрі берік болуы қажет, себебі ол темірді қажап, өткірлейді.

Қолмен айналатын қайрақ бірнеше бөліктен тұрады: Ағаш тіреуіш (станок) – қайрақты ұстап тұратын негіз;

Айналым тас – негізгі қайрау бөлігі;

Темір білік – тасты айналдыратын ось;

Тұтқа (иін) – адам күшімен айналдыруға арналған құрал.

Бұл құрылым қарапайым болғанымен, өте тиімді жұмыс істейді. Тұтқаны айналдырғанда тас жоғары жылдамдықпен қозғалып, темір құралдарды өткірлейді.

Қазақ халқы үшін қайрақ тек құрал емес, күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігі болды. Мал сою, ағаш, шөп шабу сияқты жұмыстарда қолданылатын құралдардың өткір болуы аса маңызды еді. Өткір құрал – қауіпсіздік пен тиімділіктің кепілі.

Осы құралдардың барлығы уақыт өте келе мұқалды, сол кезде қайрақ көмекке келеді. Сондықтан әрбір үйде қайрақ тұруы қалыпты жағдай болған.

Қайрақ қолдану – өз алдына



бір өнер. Темірді кез келген адам дұрыс қайрай алмайды. Құралды қайрау үшін белгілі бір бұрышты сақтау, қысымды дұрыс қолдану қажет. Бұл – тәжірибені талап ететін іс.

Шебер ұсталар қайрақты ерекше шеберлікпен пайдаланған. Олар темірді тек өткірлеп қана қоймай, оның сапасын да сақтап отырған. Дұрыс қайралған құрал ұзақ уақыт қызмет етеді және жұмыс өнімділігін арттырады.

Қайрақ қазақ мәдениетінде ол еңбекқорлықтың, ұқыптылықтың символы ретінде қарастырылған. «Қайрағың өткір болсын» деген тілек те бекер айтылмаған. Бұл сөз тек құралға емес, адамның ісіне де қатысты.

Сонымен қатар қайрақ кейбір салт-дәстүрде де кездеседі. Мысалы, ұста шеберханаларында қайрақ қасиетті құралдардың бірі ретінде бағаланған.

Бүгінде технология дамып, электрлі қайрау құралдары пайда болды. Дегенмен, дәстүрлі қайрақ өз маңызын толық жоғалтқан жоқ. Ол әсіресе ауылдық жерлерде, қолөнер шеберханаларында әлі де

қолданылып келеді. Музейлерде тарихи жәдігер ретінде сақталып, халыққа таныстырылууда. Бұл – өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты көрсететін маңызды құрал.

Қайраққа қарап, өткен өмірдің бейнесін көруге болады. Ол – қарапайым еңбек адамының күнделікті серігі болған зат. Өрбір сызаты – уақыттың белгісі, тарихтың ізі.

Қайрақ арқылы біз ата-бабаларымыздың еңбекқорлығын, шеберлігін және тұрмысын түсінеміз. Қарапайым ғана көрінетін бұл заттың артында үлкен тарих, мол тәжірибе және ұлттық құндылық жатыр. Сондықтан қайрақты тек құрал ретінде емес, мәдени мұра ретінде бағалауымыз керек.

Ұрпақтан ұрпаққа жеткен осындай бұйымдар арқылы біз өз тарихымызды танымыз, өткенімізді құрметтейміз және болашағымызды бағамдаймыз.

С. РЫСБАЕВ,
Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің әдіскері

www.facebook.com/syrboi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboi@yandex.kz / www.syrboi.kz

Таралымы 21063

Тапсырыс №814

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА